



Қаңыраған ғимараттар қасқайып тұр

Қазақстанның ұлан-байтақ даласында бос қалған немесе тұрғыны аз қалалар жетерлік. Олардың көпшілігі Кеңес Одағы кезінде ірі өндірістік нысандар немесе әскери база негізінде құрылды. КСРО-ның ыдырауымен олардың да тағдыры төлкекке түсті. Қала құраушы кәсіпорындар тоқырауға ұшыраған соң жұрт жайлы мекен іздеп, жан-жаққа жосылды. Бір кездері тіршілігі қайнап жатқан елді мекендерде енді состиып-состиып иесіз ғимараттар ғана қалды.

Мәселен, өндірісі тұралап, халқының басым бөлігі жан-жаққа босып кеткен қала халқын шоғырландыра орналастырып, шаһардың тек тұрғындар тұратын аймақтарына ғана су, электр жарығын береді де, басқа иесіз бөлігін тіршілік көздерінен ажыратып тастаған. Мұндай тәжірибені Қостанай облысы Аркалық қаласының, Түркістан облысы Кентау шаһарының, Шығыс Қазақстан облысы Асубұлақ кентінің, Жамбыл облысы Жаңатас қаласының, Семей қаласына қарасты Шаған кентінен көруге болады.

4 ►►

Онлайннан – оффлайнға: балаға қауіпті емес пе?

Алматы қаласында 3 мыңға жуық бала індетке шалдыққан. Оның 195-і ауруханада емделіп жатыр. Оның үстіне, КВИ жұқтырған бір айлық сәби шетінеді. Ал мұның бәрі ата-аналар арасында оффлайн оқуға қарсылықты күшейтіп жатыр. Мектептегі санитарлық талаптың күшейерін білсе де, көпшілігі жағдай тұрақталғанша онлайн оқуды қалайды. Қалалардағы жедел жәрдем шақыртудың көбеюі, Шымкенттегі мәйітхана алдындағы жағдай оларды одан сайын алаңдатып қойғаны бар.



ОҚУШЫ ҚАНДАЙ ЖАҒДАЙДА ҚАШЫҚТАН ОҚИДЫ?

Иә, әлеуметтік желіде үндеу жасап, жанайқайын жоғарыға жеткізгісі келетін ата-ана көп. «Барлық өңір «қызыл аймақта». Ал балалар мектепке барады. Сонда мектеп пен үйдің арасы, мектеп ауласы «жасыл аймақ» болып тұрма?» — дейтіндері де табылады.

Кейінгі кезде «ата-ана ретінде оффлайн оқуға қарсымын» деп бірігіп жатқандар бар. Олардың айтуынша, баласын дәстүрлі форматта оқытқысы келетіндерге арнайы өтініш жазуға рұқсат берілгені дұрыс. Себебі бала денсаулығы бәрінен қымбат деп отыр.

Ал мектеп мұғалімдері жағдайдың бақылауда болатынына күмәнмен қарайды. Өйткені әр

сыныпқа бөлек қонырау уақыты, асханадағы жаңа тәртіпті оқушыға үйрету үшін біраз уақыт кететін сынайлы. Осыдан кейін кейбір ата-аналар әлеуметтік желіде дәстүрлі форматты «бұл да бір саясат сияқты, оқушыларға вакцина салғызудың амалы» деп түсініп жүр.

(Жалғасы 6-бетте)

Жезді жетімсіреп тұр...



Ауылдың жағдайы ешкімді бейжай қалдырмаса керек. Егер де ол елді мекен қиындықтарды бастан кешіріп жатса. Сондай кенттің бірі — Қарағанды облысы Ұлытау ауданына қарасты Жезді ауылы.

1942 жылы 38 күнде марганец кенішін қатарға қосқан жезділіктер тәуелсіздікке қол жеткенде тағдыр төлкегіне ұшырады. 1944 жылы «Жұмысшы қалашығы» мәртебесін иеленген Жезді 90-жылдары тоқыраудың топаннаға түншықты.

Соғыстан соң марганец кені 1956 жылға дейін Орал зауыттарына жіберіліп тұрады. Сосын оған сұраныс күрт азаяды. Жергілікті мамандардан айырылып қалмау қамымен Жезді марганец

кен басқармасы «Главруда» қармағына өтіп, 1965 жылға дейін мемлекеттік қорға қажетті көлемде кедей кұнарсыз кенді барынша байытуға мүмкіндік туылды. Жеткілікті көлемде шикізатпен жабдықтау мақсатында қосымша карьер де қатарға қосылды.

6 ►►

Мемлекет басшысы Ресейге барады



21 тамызда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ресей Федерациясына жұмыс сапарымен барады. Бұл туралы Президенттің баспасөз хатшысы Берік Уәли Facebook парақшасында жазды.

Онда: «Сапар барысында Президент Владимир Путинмен кездесу жоспарланған.

Екі ел басшылары Еуразия кеңістігіндегі өңірлік қауіпсіздік және интеграциялық үдерістер мәселелері бойынша пікір алмасады. Сондай-ақ Қазақстан мен Ресей арасындағы екіжақты ынтымақтастық пен стратегиялық әріптестіктің өзекті мәселелері талқыланады», — делінген.

Қазақстан алманың отаны болып қала ма?

Діни әфсаналарда кездесетін ең алғашқы жеміс — алма болса, оның ең ежелгі арғы атасы елімізде өсетін Сиверс алмасы екені халықаралық ғылыми қауымдастық деңгейінде дәлелденген. Соған теліп, Адам Ата мен Хауа Ана өмір сүрген жұмақ қазақ даласында болған деген де тұжырым бар. Жетісу өлкесін «жер жәннаты» дейтіні де содан болар. Ендеше осынау тарихи да табиғи мұраны қаншалықты сақтай алып отырмыз? Жойылып кету қаупі бар жабайы жеміс бақтарының биоалуантүрлілігін сақтау үшін қандай шаралар атқарылып жатыр?



САҒЫНДЫМ АЛМА БАҒЫН...

Елімізде жыл өткен сайын алма бақтары жойылып барады. Оның бірнеше себебі бар. Ең негізгісі — олар егілген алқаптардың қысқарып бара жатқаны. Ғалымдардың есебінше, қазір алманың атасы саналатын Сиверс алмасы Тарбағатайда 297,2 гектар жерге таралса, Іле Алатауының баура-

йында 5 496 гектар жерді, ал Жоңғар Алатауында 14 037 гектар аумақты алып жатыр. Сондай-ақ олар еліміздегі 15 селекциялық-генетикалық учаскеде 1932-2007 жылдар аралығында, яғни 75 жыл бойы ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізіп, жабайы Сиверс алмасы Іле Алатауының баурайында 80%-ға, Жоңғар Ала-

тауында 28%-ға қысқарғанын анықтаған. Осы бір көрсеткіштен-ақ жабайы алма жойылып кетудің аз-ақ алдында тұрғанын байқауға болады. Сондықтан да мұндағы жұмыстарды мемлекет өз қолына алып, молынан қаржыландырып, нақты бағдарлама бойынша жұмыс жүргізуі тиіс.

4 ►►

Қырық жылғы көтергіштен қауіп көп

Петропавл қаласындағы әбден тозса да, әлі қолданылып келе жатқан лифтілер тұрғындардың үрейін ұшырып отыр. Көпқабатты үйлердің жоғары қабаттарында тұратын адамдар пәтеріне жеткенше иманын үйіріп, білетін дұғасының барлығын оқып шығатынын жасырмайды. Бірақ өз қаржысы есебінен жаңа көтергіш сатып алуды қалталары көтермейді. Бюджетте бұл мақсатқа қарастырылған қаржы теңізге тамған тәмшдай.



Қалалық тұрғын үй инспекциясының мәліметінше, Петропавл қаласында 1106 көпқабатты тұрғын үй болса, соның 112-сі 7 және одан да көп қабаттан тұрады. Онда 370 лифт орнатылған.

Жұмыс істеп тұрғаны — 365. Бесуеі техникалық жағдайына байланысты мүлдем жарамсыз. Жартысына жуығының пайдалану мерзімі баяғыда-ақ өтіп кеткен. 200-ден астам лифтіге қызмет көр-

сететін «Петропавловск лифт» ЖШС басшысы Наталья Царькованың айтуынша, нормативтік мерзім 25 жыл болғанымен, көбінің пайдалану мерзімі 40 жылдан астам. «Сондықтан олар жиі сынады. Ең қиыны сол, оларды жөндейік десек, мұндай ескі құрылғыға арналған қосалқы бөлшектер де таусылып біткен. Қазір шығарылып жатқан көтергіштер мүлдем басқа, заман талабына сай жасалған. Ал біздікілердің көбі тым ескі. Бұрын қосалқы заттарды астанадан, не басқа қалалардан алдыратынбыз. Қазір Нұр-Сұлтан түгел жанарды, енді онда да жоқ. Оларды шығарған зауыттар да жабылған. Өткенде екі қақпақ іздеп қиналды. Тауып едік, бағасы 120 000 теңге», — деп таусылды Наталья Рашидовна.

5 ►►

Мәдениеттің мәйегі маңызды

Қарағанды облыстық мәдениет және архивтер объектілерінің мемлекеттік желісіне 673 мәдениет, өнер және архив объектісі, атап айтсақ 315 кітапхана, 274 клуб үлгісіндегі ұйым, 21 бейнемобиль, 5 театр, 20 музей, 20 архив, 2 концерттік ұйым, облыстық мәдени-сауық және халық шығармашылығы ғылыми-әдістемелік орталығы, тарихи-мәдени мұраны сақтау орталығы, 12 мәдениет және демалыс саябағы, кинотеатр, көрме залдары және хайуанаттар бағы кіреді.



7 ►►

Той өткізуге рұқсат па?



«Атамекен» ҰҚП Ashyq қосымшасы арқылы «жасыл» мәртебесі бар қазақстандықтарға той өткізуге рұқсат беруді ұсынды. Сондай-ақ «қызыл» аймақта Ashyq жобасының қатысушыларына сенбі күні сағат кешкі онға дейін, ал Ashyq жобасының лидерлеріне түн ортасына дейін жұмыс істеуге рұқсат беру туралы ұсыныс тастады.

Сондай-ақ Ұлттық кәсіпкерлер палатасы 21 тамыздан бастап Қарағанды облысы әкімдігінің бастамасы бойынша Қарағанды қаласында COVID-

free пилотын іске қосу, яғни «жасыл» статусы бар келушілер үшін қоғамдық тамақтану орындарына сағат 02.00-ге дейін жұмыс істеуге рұқсат беруді сұрап отыр. «Жасыл» статусы бар қазақстандықтар үшін той өткізуге рұқсат ету қаулы негізінде болуы тиіс. Іс-шараны алдын ала тіркеу бойынша және барлық персонал вакцина салдырған мекемеде 100 адамға дейін бас қосуды ұсынады. Осы арқылы олар кәсіпкерлердің тығылпы әрекет етуінің жолын кесуге септігін тигізеді. Өйткені тығылып той жасайтынның көптігі пандемиямен күресуде он нәтиже бермей отырған көрінеді.

Бойжеткен жігітінің қылмысын жасырған



Павлодар облысы Успен ауданында қыз жігітінің адам өлтіргенін жасырған. Polisia.kz-тің мәліметінше, жергілікті полиция бөлімінің қызметкерлері 30 жастағы ауыл тұрғынына қатысты істі тергеп жатыр.

«Оқиға маусым айының соңында Успен ауданының Қозықеткен ауылында болған. 22 жастағы жергілікті тұрғын мен танысы арасында жанжал шыққан.

Арасында жігіт танысына пышақ салған. Салдарынан жәбірленуші оқиға орнында көз жұмған. Қылмыстың куәгері болған жігіттің сүйіктісі полицияға жак

ашпаған. Керісінше, заттай ай-ғақтардан арылуға тырысқан», — деді Павлодар облысы Полиция департаменті бастығының бірінші орынбасары Жасқайрат Қайыров.

Қыз қылмыс құралы — пышақты жуып, жасырып қойған. Сонымен бірге ол марқұмның өзге де заттарын жуып тастады деген күдікке ілініп отыр.

Жасқайрат Қайыровтың сөзінше, олар осыдан кейін оқиға орнынан қашып, бақшаға тығылған. «Тіпті, жазадан құтылу үшін ауданнан кетуді жоспарлаған. Бірақ жоспары жүзеге аспай, бірнеше сағаттан кейін полиция қолына түскен», — деп толықтырды Қайыров.

Қылмыс жасаған күдіктіге қатысты Қазақстан Қылмыстық кодексінің 106-бабының 3-бөлігі бойынша сотқа дейінгі тергеу жүргізіліп жатыр. Ал осы қылмысты жасырған оның сүйіктісіне қатысты 432-бап бойынша сотқа дейінгі тергеу басталды.

Полицейлер мотоциклмен жүретін болды



Енді Алматы қаласының полицейлері мотоциклмен жүреді. Бұл туралы қалалық Полиция департаментінің баспасөз қызметі хабарлады.

«Бұған дейін жеке құрам мотоциклді тізгіндеудің арнайы оқуынан өтті.

Бұл мотоциклдер, тәртіп сақшыларының айтуынша, өздерінің мобилді болуына мүмкіндік

береді, оқиға орнына келуді тездетеді және мегаполис жолдарындағы жағдайды жақсартуға көмектеседі», — дейді полиция.

Осыған орай патрульдік полиция мен жергілікті полиция қызметінің мамандандырылған батальонына қарбалас уақытта жол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету, кептелісті реттеу және жол-көлік оқиғасы болған жерге тез жету үшін 20 КТМ мотоциклі алынды.



СІМ: Қазақстан «Талибан» қозғалысын ресми түрде мойындамады

Қазақстан «Талибан» қозғалысын ресми түрде мойындамады, бірақ тәліптер Кабулдағы қазақстандық дипломатиялық миссияны күзетіп отыр. Бұл туралы Қазақстанның Сыртқы істер вице-министрі Ақан Рахметуллин мәлімдеді.

«Кабулдағы біздің елшіліктің мәліметінше, талибандықтар Кабулды басып алған уақытта кейбіреулері біздің елшілік орналасқан ғимаратқа кірген. Біздің елші сыртқа шығып, олармен сөйлескен. Олар: «Кімсіздер? Қандай елшілік?» деп сұраған. Біздікілер

бұл Қазақстанның елшілігі деп жауап берген. Олар: «Қорықпай жұмыс істей беріңдер, сіздер біздің қорғауымыздасыздар», — деп жауап берген. Содан бері олар біздің елшілікті күзетіп отыр», — деді Ақан Рахметуллин.

Вице-министр сонымен бірге Қазақстан әлі «Талибан» қозғалысын мойындамағанын айтты.

«Біз ешбір ел талибандықтармен дипломатиялық қарым-қатынасты мойындады немесе орнатты деп айта алмаймыз. Бәрі олардың әрекеттері мәлімдемесіне сәйкес келетінін және олардың келіссөзге қаншалықты бейім екенін бақылап отыр», — деді ол.

23 мұғалімнің аттестаты жарамсыз

Шымкентте жалған біліктілік куәлігін сатып алған мұғалімдер сотталды. 23 мұғалімнің аттестаты жарамсыз деп танылды.

Соттың мәліметінше, Шымкентте қалалық Білім басқармасының 27 мұғалімге қатысты біліктілік куәліктерін жарамсыз деп тану және негізсіз төленген жәрдемақыны мәжбүрлеп өндіріп алу талабымен азаматтық іс қаралған.

Сот процесі ашық онлайн режимінде жүргізілді. Шымкент қалалық ішкі аудит бөлімінің 2020 жылғы 30 қыркүйектегі қорытындысы бойынша, мұғалімдер ұлттық біліктілік аттестациясынан өтпегені анықталды. Бұл фактіні Білім және ғылым министрлігінің ұлт-



тық тестілеу орталығы да расталды. Осылайша, сотқа тартылғандардың жалақысы негізсіз көтерілгені белгілі болды.

Әл-Фараби аудандық сотының шешімімен талап толық қанағаттандырылып, 23 мұғалімге берілген

аттестаттау куәліктері жарамсыз деп танылды.

Мемлекет пайдасына 15 миллионнан астам теңге қайтару туралы соттың үкімі шықты. Сот шешімі заңды күшіне енген жоқ.

Параға қой алған



Батыс Қазақстан облысында полицейлерге қатысты екі жемқорлық фактісі тергеліп жатыр. Олардың бірі параны қой түрінде алған деген мәлімет бар.

Алайда тергеушінің өзі малды сатып алғанын айтып отыр. БКО Полиция департаменті сотқа дейінгі тергеу жұмыстарының мән-жайын айтпаса да, фактінің тіркелгенін растады. Қос фактіні де Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет тергеді.

«Құқықбұзушылық жасаған Жәнібек ауданының учаскелік инспекторы атқарып отырған лауазымынан босатылды. Сондай-ақ аудандық полиция бөлімінің басшылығына да қатан жаза қолданылады. Тергеушінің кінәсі әлі дәлелденген жоқ, бірақ ол іс аяқталғанға дейін қызметінен шеттетілді», — деп түсіндірді Полиция департаменті.

Павлодарлықтар Маңғыстауға 250 тонна шөп жіберді

Қуаңшылықтың салдарынан төрт түлігіне азық таппай қысылған Маңғыстау өңіріне көмек көрсету мақсатындағы ізгілікті істі Павлодар облысы да қолға алды. Мейірімділік эстафетасына Павлодар облысының тұрғындары бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып жұмыла кірісіп кетті.

Бүгінгі игі акцияға Biz birgemiz ұранымен облыс көлемінде шаруа қожалықтары, облыстық, аудандық мәслихат депутаттары, ерікті азаматтар, облыс тұрғындары үлес қосты. Шөп тиеу жұмыстарына Павлодар облысының Төтенше жағдайлар департаменті, Қорғаныс департаменті мен Полиция департаментінің жеке құрамы күштері мен еріктілер, сондай-ақ өңірдің жанашыр тұрғындары атсалысты.

«Nur Otan» партиясының Павлодар облыстық филиалы мен «Jas Otan» Жастар қанаты да бұл іс-шараға етене араласты. Облыстық партияның бастауыш партия ұйымдары мал азығын жинастыру мен жеткізілуін ұйымдастыруға көмектесті. Қуан-

шылыққа тап болған Маңғыстау өңірінің фермерлеріне Павлодар облысы әкімдігінің бастамасымен гуманитарлық көмек ретінде Жолқудық стансасынан 12 вагонға тиелген жалпы көлемі 250 тонна болатын эшалан жөнелтілді.



«Халыққа көмектен» нәтиже көп



Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың тікелей бастамасымен қолға алынған «Халыққа көмек» жобасы «Nur Otan» партиясы мен еліміздегі барлық қоғамдық қабылдау бөлмелерінің жұмысын жандандырды. Жоба партияның 2030 жылға дейінгі «Бақуатты қоғам: 10 жылдықтың 10 мақсаты» атты жаңа бағдарламасын жүзеге асырудың негізгі бағыттарының бірі. Жаңа бастаманы партия мемлекеттік органдармен, үкіметтік емес ұйымдармен және бизнес қауымдастықтармен бірлесіп іске асырып жатыр. Соның арқасында халық жобаның игілігін көріп отыр.

АУЫЛДАРҒА ЖОЛ ТӨСЕЛДІ

«Халыққа көмек» жобасы аясында «Nur Otan» партиясының Алматы, Маңғыстау және Батыс Қазақстан облыстарының аудандық филиалдарына ауыл тұрғындары жолдардың нашар екенін айтып, асфальт төсеіп беру туралы өтініш білдірген. Өтініш бойынша «Nur Otan» партиясының филиалдары тарапынан тиісті шара қабылданып, аудандық партия филиалдары төрағаларының бірінші орынбасарлары А.Абдрахманов, Ж.Садырбаев Алдабергенов ауылдардағы Байысов көшесінің жолын жөндеуге жергілікті бюджеттен қаражат қарастыруға қол ұшын берген және мәслихат депутаттары Б.Төреқенов, Б.Жұмағұлова жол салушы мекеме өкілдерімен кездесу өткізген. Келіссөз нәтижесінде ауылдардағы көшелерге қиыршық тас және асфальт төселіп, ауыл тұрғындары ризашылығын білдірді.

МЕДИЦИНА ҚҰРАЛДАРЫ ЖЕТКІЗІЛДІ

«Халыққа көмек» жобасы аясында «Nur Otan» партиясы Алматы, Қостанай облыстық және Шымкент қалалық филиалдарына аудандық аурухана басшылары медицина мекемесіне жүгінген халықтың қарасы көбейгенін, медицина құрылғыларына қажеттілік есеп артқанын айтып, көмек сұраған.

«Nur Otan» партиясы филиалдары тарапынан түскен өтініштер бойынша тиісті шаралар қабылданып, Алакөл ауданының жергілікті жеке кәсіпкерлері Ерлан Мақұлбеков пен Дәулет Дүйсенбеков демалушы болып, Алакөл аудандық орталық ауруханасына 5 оттегі концентраторын берді, ал Қостанай облысы және Шымкент қалалық ауруханасын жергілікті кәсіпкерлер оттегі баллондарымен қамтамасыз етті. Орталық аурухана ұжымы мен науқастар азаматтарға алғысын білдіріп жатыр.

65 ОТБАСЫНА КӨМЕК КӨРСЕТІЛДІ

Осы жоба аясында «Nur Otan» партиясының Алматы, Атырау, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Маңғыстау, Түркістан облыстарының аудандық және Шымкент қаласы филиалдарының қоғамдық қабылдау бөлмелеріне жұмыссыз, әлеуметтік аз қамтылған, жалғызбасты аналар, ерекше бала бағып отырған 65 отбасы көмек сұрап келген. «Nur Otan» партиясы аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасарлары, аудандық мәслихат депутаттары және жастар ресурстық орталығы партияның «30 қайырымды іс» акциясы аясында өтініш білдірген отбасыларға көмек көрсететінін жеткізді. Соның арқасында партия қызметкерлерінің көмегімен әлеуметтік тұрғыдан аз қамтылған 65 отбасына азық-түлік себеті таратылып, көмек көрсетілді.

БАЛАЛАРҒА ОҚУ ҚҰРАЛДАРЫ ТАБЫСТАЛДЫ

Атырау облысындағы Мүмкіндігі шектеулі балаларды қолдау қорының директоры Абдел Тәжікенов Атырау облыстық мәслихатының депутаты А.Жолмұханованың қабылдауында болып, мүмкіндігі шектеулі 30 балаға «Мектепке жол» акциясы аясында мектепке қажетті жабдықтарын алып беруге көмек сұраған. Сондай-ақ Арқалық қаласында да жергілікті халық қалаулылары өз қаржысымен әлеуметтік жағдайы төмен отбасынан шыққан балаларға мектепке қажетті құралдарды сыйға тартып жатыр.

Маңғыстауда жасанды жолмен жауын жаудыруды ұсынды



Мәжіліс депутаттары, «Nur Otan» партиясы фракциясының мүшелері Еділ Жаңбыршин, Самат Мұсабаевтың бастамасымен Маңғыстау облысы кәсіпкерлік палатасы жанынан «Маңғыстау облысында климаттық технологияны пайдалану мәселелері» тақырыбында дөңгелек үстел өтті.

Депутаттар жауын-шашын мөлшерін ең кемі 20-50 пайызға ұлғайта алатын Clear Sky Mapper 5 климаттық технологияны апробациядан өткізуді ұсынды. Технология АҚШ, Жапония, Еуроодақ және Ресейде патенттелген. Біріккен Араб Әмірлігі, Иран, Жаңа Зеландия, Ресей және басқа елдерде сынақтан өткен.

Маңғыстауда екі күрделі мәселе болса, оның біреуі — құрғақшылық. «Nur Otan» партиясы фракциясының мүшелері басқа өңірлерден жемшөп тасу арқылы Маңғыстаудағы бар малды аман алып қалу мүмкін емес екенін алға тартады. Олардың ойынша, бұл — бюджет қаржысын тиімсіз жұмсау.

Егер жемшөп тасу құрғақшылықтан құтқармайды екен, «қандай ұсыныстарың бар?» деген сұрақ халықтың көкейінде тұрғаны белгілі.

Егер малдың бәрін басқа облыстарға көшіріп алып кетсе? Онда бізге дайын тұрған жер бар ма? Барған отбасыларына ол жакта жағдай бола ма? Мал да ол жактын жерін жерсіне ме? Сұрақ көп. Жауап жоқ.

Ал бүкіл малды сатып жіберсек? Азғантай малына қарап отырған ел күнін қалай көрмек? Халықтың бәрі жұмыс істеп, үлкен жалақы тауып отырған жоқ.

Малды бағу қалай? Оған инфрақұрылым жоқ, жемшөп тағы керек.

Біздің дінкемізді құртып отырған малға қажет шөптің жоқ екенін жауын-шашынға келіп тіреледі. 2017 жылдан бері Маңғыстауда жауын-шашынның түсімі 1,5-2 есе азайып кеткен, — дейді «Nur Otan» партиясы фракциясының мүшесі Еділ Жаңбыршин.

Осы орайда ол мәселенің шешімі — климаттық технологияларды пайдалану деп есептейтінін айтады.

— Бұл жағдай әріптесім, Мә-

жіліс депутаты Самат Мұсабаев екеумізді біраздан бері толғандырып жүр. «Қандай жолдары бар?» деп екеуміз біраз ақылдастық. Мамандармен, ғалымдармен пікірлестік. Іздендік. Соның нәтижесінде ең тиімді әдіс — климаттық технологияларды пайдаланып, Маңғыстауға қажетті мөлшердегі жауын, қар жаудыру, — дейді ол.

«Nur Otan» партиясы фракциясының мүшелері бұл бастаманы жүзеге асырудың тетіктерін жан-жақты қарастырған екен.

— Бірнеше компанияларды таптық, байланыстық. Маңғыстауға шақырдық. Өткенде мамыр айында екі-үш компания технологияларын онлайн таныстырды, олардың дүниесі локалды жерді ғана қамтитын болды және жауын жаудыруға кепіл бере алмайды екен.

Күні кеше біздің шақыруымызбен Central Asian Center of Climate Change Technologies ЖШС өкілдері Ақтауға келді, — дейді Еділ Жаңбыршин.

Климаттық технологияның авторлары инженер-физик Рафаэль Газетов (Литва) пен метеоролог-аэролог, климатты басқару саласының белгілі докторы Сергей Боголюров (Мәскеу) өз технологияларын Қазақстандағы өкілдерімен бірлесіп, Маңғыстау облысы үшін арнайы жасақтанған бағдарламасын таныстырды.

Мамандар мен ғалымдар тарапынан сұрақ қойылып, мәселе жан-жақты талқыланды.

Қорыта айтқанда, қазір басқа оңтайлы альтернатив нұсқа жоқ екенін ескере отырып, климаттық технологияны Маңғыстауда демонстрация жасау, тиісті мемлекеттік органдарға жүгініп, арнайы жоспарға қосу және қаржыландыру қажет деп ұйғарым жасадық, — дейді депутат Еділ Жаңбыршин.

Дайындаған Мадияр ТӨЛЕУ

Сайлауалды бағдарламаның іске асуын тексерді

«Nur Otan» партиясы Батыс Қазақстан облыстық филиалы жанындағы Miras аймақтық кеңесінің отырысы ZOOM платформасы арқылы өтті. Жиынның күн тәртібінде партияның «Өзгерістер жолы: әр азаматқа лайықты өмір!» сайлауалды бағдарламасын орындау жөніндегі мәселелер көтерілді.

Мәселелерді атап көрсетіп болсақ, Батыс Қазақстан облысы бойынша Жол картасының бағыттарына сәйкес, Бөкейорда ауданы Хан ордасы ауылындағы 909,1 шаршы метр тарихи-мәдени, сәулет-этнографиялық кешеннің құрылысы мен «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында ұлттық спорт түрлерін дамыту және насихаттау жайы қаралды. Сондай-ақ Орал қаласындағы 1 000 орындық концерт залы бар мәдениет сарайының құрылысы, облысымыздың қасиетті жерлерін 3D форматында аралау бойынша интерактивті сапарларды енгізу секілді сауалдар сөз болды. Кенес барысында Батыс Қазақстан облысы Мәдениет, мұрағаттар және құжаттама басқармасының басшысы Сайран Дүйсенов және облыстық Құрылыс басқармасы



басшысының орынбасары Қайрат Досанов кеңес мүшелерінің алдында баяндама оқып, сайлауалды бағдарламаның іске асуы бағытында бірқатар іс-шара атқарылып жатқанын тілге тиек етті. Олардың айтуынша, қазір барлық жұмыстар жоспарға сай іске асып жатыр. Осыған қарамастан партия Мәдениет саласына қатысты сұрақтарды талқылап, басқарма басшыларына жолдады. Осы тұста партия тарапы кеңес мүшелеріне әрбір жиынға белсене атсалысып, халық тарапынан айтылған

өтініш талқыға салып отыруды талап етті.

Бұдан бөлек, Парламент Мәжілісінің депутаттары Мәлік Құлшар мен Снежанна Имашева Батыс Қазақстан облыстық Денсаулық сақтау басқармасының басшыларымен кездікті. Жиында облыстық Денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасары Гүлнар Әбдірахманова халық қалаулыларына аталған партия тарапы кеңес мүшелеріне қолданылып жатқан шаралар туралы баян етті. Ол облыс тұр-

ғындарының биыл сәуір айынан бастап екпе алып жатқанын, соңғы кезде коронавируспен ауырғандар саны азайғанын айтты. Бұған қоса, екпе алуға қатысты тұрғындарға оның пайдасы мол екеніне көзін жеткізу үшін облыстағы беделді адамдарды түсіндіру жұмыстарына тарту қажеттілігіне тоқталды.

Кездесу барысында облыс орталығындағы емхана басшылары коронавирусқа және аурухана-ларға байланысты қордаланған мәселелерді депутаттардың назарына салды. Қазір індет өршіп тұрған шақта медицина саласы көп қажеттілік пен көмекке мұқтаж. Осыны ескерген халық қалаулылары бұл жайтты қаперіне алатынын айтты.

Сонымен қатар депутаттар облыстың алыс аудандарына да барып жатыр. Мәселен, Жаңақала ауданына бас сұғып, аудан орталығындағы мектептер мен кітапхана, мәдениет үйінің жағдайымен танысты. Соңғы рет 2008 жылы жөндеуден өткен спорт залдың халін көрді. Бұл үшін халық қалаулылары аудан басшыларына мәңжайды ескертіп, тез арада мәселенің шешімін табуды тапсырды. Бұдан соң ауданға қарасты Бірлік ауылына барып, тұрғындармен кездесу өтті. Онда Мәжіліс депутаттары Мәлік Құлшар мен Снежанна Имашева ардагерлермен жүздесіп, ауылшілілік жолдарға жүргізіліп жатқан жөндеу жұмыстарының сапасын бақылады.

Ауыл әкімдері сайлауы-2021

Халыққа уәде берген соң орындау керек

Жақында еліміздегі 730 елді мекенге халықтың тікелей дауыс беруімен әкімдер сайланғаны белгілі. Шығыс Қазақстан облысында бюллетеньдерге енгізілген 232 кандидаттың ішінен 77 ауыл әкімі сайланды. 77 әкімнің ішіндегі ең жасы — Дархан Төлеуханов, ол 29 жаста. Ең жасы үлкені — Үржар ауданы Мақаншы ауылдық округінің әкімі, 61-дегі Советқан Қалиев. 77 әкімнің 8-і — әйел азаматтар. Солардың бірі — Семей қаласына қарасты Жиенәлі ауылдық округінің әкімі Гүлжан Сыздыханова. Ауылдың жаңа басшысы бұл сайлауға «Nur Otan» партиясының атынан түскен болатын.

800-ден астам тұрғыны бар Жиенәлі ауылдық округінің орталығы Бөкенші ауылы Семей қаласынан 40 шақырымдай жерде орналасқан. Гүлжан Сыздыханова бұл ауылға осымен үшінші рет әкім болғанын айтады. «Өзім осы ауылдың тумасымын. Осында өстік, өндік, оқыдық, тоқыдық. Еңбек жолымды 2005 жылы Жиенәлі ауылдық округі аппаратында маман болып бастағанмын. 2013 жылдан бері 8 жыл ауыл әкімі қызметін атқардым. Бұрын бізге аудандық мәслихат депутаттары дауыс берсе, биыл тікелей халықтың өзі сайлады. Менімен бірге ауыл әкіміне үміткер ретінде тағы екі адам сайлауға түсті. Сайлау әділ өтті деп

ойлаймын. Өйткені бізді халықтың өзі сайлады. Өздері дауыс берді. Әрине, біз үгіт-насихат жұмысын жүргіздік. Шын мәнінде, халықтың қолдауын сезіндім. Халықтың сайлағаны мүлде өзгеше екен. Тұрғындардың басым дауысымен сайланғаннан кейін өзіне деген сенім нығайып, бойына күш-қуат құйылғандай болады екен», — дейді Гүлжан Аманжолқызы.

Сайлауға қатысқан өзге ауылдың әкімдері секілді Сыздыханова да халыққа өз бағдарламасын ұсынған. «Ауылда 8 жыл әкім болғаннан кейін де шығар, бұл жақтың мәселелері маған таныс, бес сау-сактай белгілі. Ауылдағы негізгі мәселелер — жол, су, жарықтандыру.



2020 жылы Бөкенші ауылында жарық жоқ болатын. Орталық 5 көшесі ғана жарықтандырылған. Қалған көшелерді жарықтандыру

— өзекті мәселе. Ауылдың жастары футбол алаңын сұрап жүргелі де біраз уақыт болды. Бұл ауылдағы тағы бір үлкен мәселе — ұялы бай-

ланыстың нашарлығы. Өз бағдарламада халықты толғандырып жүрген осындай мәселелерді нақты көрсеттім. Қолдан келгенше шешуге тырысатынымды жаздым. Өйткені бұл мәселелерді өзім де жаксы білемін, халық та жаксы біледі», — дейді ауыл әкімі.

Халықтың дауыс беруімен қайтадан әкім болып сайланған Гүлжан Аманжолқызы жұмысқа қызу қарқынмен кірісіп кеткенін, 4 жылға межеленген шаруаларды қазірден бастап қолға алмаса, кеш болатынын жеткізді. «Халыққа уәде берген соң орындау керек. Қазір шағын футбол алаңын салу бойынша тиісті жұмыстар басталды. Жер мәселесі шешілді. Биыл қаражат та бөлінді. Конкурс жариялап, мердігер іздестірудеміз. Ауылдағы ұялы байланысты нығайту мәселесімен де шұғылданып жатырмыз. Ендігі ойымыз — ауылда шағын кәсіпкерлікті дамытсақ. Наубайхана мен шаштараз ашуды көптен бері жоспарлап жүріміз. Біздің ауылдың жері мал шаруашылығына өте қолайлы. Бөкеншінің де, Маралдының да тұрғындары

мал ұстайды. 37 шаруа қожалығы бар. Семейге жақынбыз. Сенбі-жұмса бері сайын жәрмеңкеге барып, қаланы ет өнімдерімен, азық-түлікпен қамтуға мүмкіндік бар», — дейді Гүлжан Сыздыханова.

«Қазір бәрі басқаша. Әлеуметтік желінің дәуірлеген заманы. Әкім болу да оңай емес. Әсіресе, әйел адамға. «Әкім болу қиын емес пе?» деп сұрадық. «Қыздың қырық жасы бар». «Әйел бір қолымен әлемді, бір қолымен бесікті тербетеді» дегендей, бәріне үлгеруге тырысамыз. Әр жұмыстың өз қиыншылығы бар. Жұмыстың оңайы жоқ. «Ақылды туған қыз бала батыр туған ермен тең» дегендей ермен тең болуға тырысамыз.

Ең бастысы, өз жұмысыңды адал атқару. Бәрімізге ортақ талап — осы. Президенттің ауыл әкімдерін сайлау бастамасы ел көңілінен шықты деп ойлаймын. Бұл — халық пен биліктің арасын жақындатуға жасалған нақты қадам», — дейді ауыл әкімі.

А.ӘБІЛ,

Шығыс Қазақстан облысы

Қазақстан алманың отаны болып қала ма?

Діни әфсаналарда кездесетін ең алғашқы жеміс алма болса, оның ең ежелгі арғы атасы елімізде өсетін Сиверс алмасы екені халықаралық ғылыми қауымдастық деңгейінде дәлелденген. Соған теліп, Адам Ата мен Хауа Ана өмір сүрген жұмақ қазақ даласында болған деген де тұжырым бар. Жетісу өлкесін «жер жәннаты» дейтіні де содан болар. Ендеше осынау тарихи да табиғи мұраны қаншалықты сақтай алып отырмыз? Жойылып кету қаупі бар жабайы жеміс бақтарының биоалуантүрлілігін сақтау үшін қандай шаралар атқарылып жатыр?

Нұрлан ҚОСАЙ

САҒЫНДЫМ АЛМА БАҒЫН...

Елімізде жыл өткен сайын алма бақтары жойылып барады. Оның бірнеше себебі бар. Ең негізгісі — егілген алқаптардың қысқарып бара жатқаны. Ғалымдардың есебіне, қазір алманың атасы саналатын Сиверс алмасы Тарбағатайда 297,2 гектар жерге таралса, Іле Алатауының баурайында 5 496 гектар жерді, ал Жоңғар Алатауында 14 037 гектар аумақты алып жатыр. Сондай-ақ олар еліміздегі 15 селекциялық-генетикалық учаскеде 1932-2007 жылдар аралығында, яғни 75 жыл бойы ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізіп, жабайы Сиверс алмасы Іле Алатауының баурайында 80%-ға, Жоңғар Алатауында 28%-ға қысқарғанын анықтаған. Осы бір көрсеткіштен-ақ жабайы алма жойылып кетудің аз-ақ алдында тұрғанын байқауға болады. Сондықтан да мұндағы жұмыстарды мемлекет өз қолына алып, молынан қаржыландырып, нақты бағдарлама бойынша жұмыс жүргізуі тиіс.

«Қызыл кітапқа енген, жойылып бара жатқан алма тұқымдарын зерттеуде бізге кешенді бағдарлама қажет. Өйткені бүгінде мемлекет тарапынан көмек мардымсыз. Тіпті іссапар шығындарына да ақша бермейді. Негізінен, ғылыми жұмыстар шетелдік гранттардың және солардың технологияларының көмегімен жүргізіліп отыр. Оның өзінде де олар ауқымды жұмыстарға жетпейді, бейлаша айтқанда, жыртыққа жамайа. Оның үстіне, шетелдік гранттар үш жылға ғана берілетіндіктен, көп ештеңеге үлгермейсің, ғылыми тізбек үзіліп қала береді. Одан бөлек, ғылыми-зерттеу институттарында

молекулярлық деңгейде тексеретін дені дұрыс жабдықтары да жоқ. Шетелдік әріптестерімізге жалынып жүреміз. Сіздерден зерттеп алсақ бола ма, бірге ғылыми мақала шығарамыз сосын деп! Қаншама ұсыныстарымыз бар, ешқайсысына құлақ асып жатқан мемлекет жоқ», — дейді «Қазақ орман шаруашылығы» ҒЗИ Алматы филиалының жетекші ғылыми қызметкері, профессор Бағила Майсупова.

Ғалымның айтуынша, Іле Алатауындағы ағаштармен салыстырғанда Тарбағатай мен Жоңғар Алатауындағы Сиверс алмаларының жағдайы біраз жаксы екен. Бұл бақтың жасымен де байланысты болуы мүмкін. Алматыдағы бақтар ежелден келе жатқан ормандар. Соның ішінде Кузнецов сайындағы резерватта алма ағаштарының жағдайы өте мүшкіл. Соны мемлекет шындап қамқорлығына алуы керек.

«Мені осыдан төрт жыл бұрын Үрімшіден келген қытайлар сол жердегі Сиверс алмаларының жағдайын көруге өздеріне қонаққа шақырды. Барсам, бүкіл бақты құрт басып кетіпті. Қаншама жылдан бері ағашты да, алманы да кеміріп жеп, жойып бара жатыр екен. Қаншама химиялық зарарсыздандырығыштарды пайдаланғанмен, пайда болмаған. Бірақ бақ жақсы күтімге алынған, бапталған, жабайы бұталары оталған, бөленбай гектарға созылып жатқан абатты аумақ. Одан соң олар біздің бақтарды көруге келді. Ең жаман деген Кузнецов сайына алып бардым. Бізде жабайы қалпында тұрған ит тұмсығы өтпейтін ну жыныс орман. Бірақ қуранқырап қалған. Құрт жоқ. Іздеп таба алмады. Бірақ дұрыстап тексеру керектігін айтып ескертіп кетті. Ал өзіміз оны табиғи картау мен Алматы қаласының

экологиясынан көріп отырмыз», — дейді Ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты Бағила Жылысбайқызы.

Жабайы Сиверс алмасының сиреп кетуіне көп жағдайда генетикалық эрозияға ұшырауы әсер етеді екен. Мәселен, оны сақтап қалу үшін ізденушілер тау бөктеріне, теңіз деңгейінен 1125-1385 метр биіктік аралығында алма көшеттерін отырғызғанда, көшеттердің 24%-ның әлсіздігін, ал 6%-ның қурап қалғанын байқаған. Сонымен қатар ғалымдар соңғы 20-25 жылда Сиверс алмасының дәні арқылы табиғи жағдайда өсіп-өнуі мүлде тоқтағанын алға тартты. Оған соңғы уақыттары пайда болған ауру түрлері қатты әсер еткені

Қызыл кітапқа енген, жойылып бара жатқан алма тұқымдарын зерттеуде бізге кешенді бағдарлама қажет. Өйткені бүгінде мемлекет тарапынан көмек мардымсыз. Тіпті іссапар шығындарына да ақша бермейді.

анықталды. Алма ағаштарының жеміс беруіне ауа райының тұрақты болмауы әсер етіп жатыр. Көктемде ауа райы құрт суытқан кезде алма түйнектерін үсік шалып, алма біткеннің бәрі жеміссіз қалатын кездері жиі болған.

СИВЕРС — ҒЫЛЫМИ ӘРІПТЕСТІК МӘНІ

Бүгінде Сиверс алмасын зерттеуді тұрақты жүргізіп келе жатқан аз ұйымның бірі — Caspian University жоғарғы оқу орны. Бұл жобамен олар төрт жылдан бері айналысып келеді. Оқу әдістемесіне Service Learning («қоғамға қызмет ету») деген пәнді енгізіп, 2017 жылдан бері сирек кездесетін алма



түрімен айналысатын студенттер даярлайды. Бұл жұмыстарды олар «Халықаралық Сиверс алмасын сақтау қорымен» өте тығыз байланыста жүзеге асырып отыр. Шетелдік ұйым «Өмір сүрудегі қауіпсіздік негіздері» мамандығы бойынша оқыту үшін гранттар бөлген.

«Халықаралық ұйым бұл жобаға тікелей араласады. Солардың бастамасымен Іле және Жоңғар Алатауындағы Сиверс алмасы

пақ», — дейді Caspian University-нің Академиялық даму жөніндегі проректоры Оксана Киричок.

Осыдан екі жыл бұрын ЖОО бұл бағытта үлкен жетістіктерге жеткен екен. Бұл еліміз үшін де үлкен қуаныш. Нақтырақ айтқанда, академик Аймақ Жанғалиевтің Сиверс алмасының генетикалық коллекциясын елімізге қайта алып келуге қол жеткізген. Оны 1997 жылы Корнельский университеті алып кеткен болатын. Ал осы коллекцияның түрлі сорттағы алма ағашынан тұратын 200 элиталық ағаш 2012 жылы Алматыдағы Ботаникалық бақта өрт болған кезде жойылып кеткен еді. Елге қайтарылған коллекцияда осы ағаштардың пашақ тұқымдары бар болатын. Енді қолға түскен соң, ондағы тұқымдар қайта өсіріліп, көшет болған соң қайтадан егіліп жатыр. Олар университеттің қорғауына алынған.

«Сонымен қатар Caspian University бірқатар жиындар өткізіп тұрады. Мәселен, халықаралық деңгейде 2-3 ірі ғылыми-практикалық конференциялар ұйымдастырылды. Оған үлкен-үлкен ғалымдар, белгілі БАҚ өкілдері шақырылды. Конференциялар екі бөлімнен тұрды. Бірінші бөлімі тереңдетілген ғылыми-теоретикалық тақырыптарға арналды, онда көптеген баяндамалар жасалып, кездесулер, түрлі практикумдар өткізілді. Одан соң екінші бөлімде практикалық жұмыстар аясында экспедицияларға шықтық. Ол алма ағаштарының гүлдеу кезе-

нінде немесе жемісі піскен кезінде, яғни мамыр немесе қыркүйек айларында ұйымдастырылды. Бұл мақсатта біздің оқу ордамыз Жоңғар Алатауында ғылыми база тұрғызыған болатын. Ол жерге АҚШ, Германия, Франция сынды елдерден шетелдік ғалымдар жиі келіп тұрады. Өйткені ол аймақ — Сиверс алмасының қаншама ғасырлардан бері ең тамыр жайған жері. Біздің де ғалымдар көп жиналады. Онда олар өздерінің ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізеді», — дейді проректор Оксана Валентиновна.

Еліміздің мақтанышына айналған осынау табиғи мұрамыздың қайта жаңғыру тарихы XVIII ғасырларға тиесілі. 1790 жылдың басында Императорлық Санкт-Петербург ғылыми академиясы жана өсімдіктерді іздеп табу үшін Сібірге экспедиция аттандырған болатын. Оны Иоган Сиверс (1762-1795) басқарған еді. Төрт жылға (1791-1794) созылған осынау экспедиция кезінде ол Тарбағатай тайындағы Үржар өзенінің маңынан жабайы алмалар орманын жолықтырған екен. Осы алмалар ғалымның құрметіне «Сиверс алмадары» деп аталды. Ал 2002 жылы Оксфорд университетінің генетика профессоры Барри Джунипер (В.Е.Juniper) оны әлемдегі алмалардың ең ежелгі атасы екенін, ал оның отаны қазақ жеріндегі Тянь-Шань таулары екенін дәлелдеп шықты. Бірақ өкінішке қарай бұл жаңалық Қазақстан қоғамының назарынан сол кезде тыс қалған еді.

Қаңыраған ғимараттар қасқайып тұр



Қазақстанның ұлан-байтақ даласында бос қалған немесе тұрғыны аз қалалар жетерлік. Олардың көпшілігі Кеңес Одағы кезінде ірі өндірістік нысандар немесе әскери база негізінде құрылды. КСРО-ның ыдырауымен олардың да тағдыры төлөкке түсті. Қала құраушы кәсіпорындар тоқырауға ұшыраған соң жұрт жайлы мекен іздеп, жан-жаққа жосылды. Бір кездері тіршілігі қайнап жатқан елді мекендерде енді состиып-состиып иесіз ғимараттар ғана қалды.

Дәулет АСАУ

АПАТТЫ ҮЙЛЕРДЕН ҚАЛАЙ АРЫЛАМЫЗ?

Шартты түрде мұндай ғимараттарды үш түрге бөлуге болады: біріншісі — болашағы бұлыңғыр қалалар мен елді мекендердегі қоныс аударушылар иесіз тастап кеткен нысандар; екіншісі — пайдалану мерзімі бітіп, әбден тозығы жеткен үйлер; үшіншісі, табиғи немесе техногендік апаттардың салдарынан жарамсыз болып қалған қирандылар.

Мемлекет қараусыз ғимараттардың проблемасын әр өңірлерде әртүрлі жолдармен шешіп отыр. Мәселен, өндірісті тұралап, халқының басым бөлігі жан-жаққа босып кеткен қала халқын шоғырландыра орналастырып, шаһардың тек тұрғындар тұратын аймақтарына ғана су, электр жарығын береді де, басқа иесіз бөлігін тіршілік көздерінен ажыратып тастаған. Мұндай тәжірибені Қостанай облысы Арқалық қаласының, Түркістан облысы Кентау шаһарының, Шығыс Қазақстан облысы Асубұлақ кентінің, Жамбыл облысы Жаңатас қаласының,

Семей қаласына қарасты Шаған кентінен көруге болады.

Дегенмен өндірісі дүрілдеп тұрған облыс орталықтары мен ірі қалалардың өзінде қанырап қалған ғимараттар аз емес. Бүгінде республика аумағындағы үйлердің үштен бірі 1970 жылға дейін салынған, сондай-ақ олардың 60%-ы кеңес заманындағы тұрғынжайлар. Олардың көпшілігінің уақыттың пәрменімен әбден тозығы жетіп, апатты жағдайда тұрғаны түсінікті. Қазір 24,4 мың адам апатты баспанада өмір сүріп жатыр. Мұндай ғимараттарды түппорнымен сырып тастап, тұрғындарын басқа үйлерге көшіреді немесе реновация бағдарламасы бойынша күрделі жөндеуден өткізеді.

Мәселен, бас шаһарымыз Нұр-Сұлтан қаласында апатты тұрғынжайдың саны 200-ге жуық. Жергілікті билік бекіткен жоспарға сәйкес, 2020 жылы 5 апатты үй (209 пәтерлік) сырылса, 2021 жылы — 4 үй (216 пәтерлік), 2022 жылы 16 үй (125 пәтерлік) сырылуы тиіс. Ал тұрғындарға «Нұрлы жер» бағдарламасы бойынша мемлекеттік қордан жаңа баспана берілетін болды. Ескі астанамыз — Алматыда 2024 жылға дейін 1 034 ескі үйлер реновация бағдарламасына енгізілді.

Ал Қарағанды облысында апатты үйлерден құтылудың соны тәсілін тапты. 2006 жылы Шахтинск қаласында тұрғын үйлердің орталарында орналасқан апатты алты үйге жарылғыш қойып, түппорнымен жарып жіберді. Бұл операцияның сәтті жүргізілгені соншалық, одан айналасындағы бірде-бір ғимарат жапа шеккен жоқ. Мұндай тәсіл Қазақстанда ең алғаш рет қолданғанын да еске сала кеткен жөн.

ҮЛЕСКЕРЛЕР МӘСЕЛЕСІ ДЕ БАР

Құрылысы ұзаққа созылып кеткен ғимараттардың да жай-күйі мәз емес. Республика бойынша тұрғын үй құрылысының көпшілігі елордала жүргізіліп жатқандықтан, мұнда үлескерлер мәселесінің де күрделеніп тұрғанын бөле-жара айтқан дұрыс.

2019 жылы Нұр-Сұлтан қаласында тұрғындар үлескерлік қатысумен ақша салған, бірақ құрылысы жүрмей тоқтап қалған 52 проблемалы үй болды. Елорда әкімдігі осы түйткілді 52 нысанды ведомстволық бақылауына алды. Бұл үйлерде жалпы саны 16 мыңға тарта үлескер бар еді. Жергілікті атқарушы биліктің көмегімен оның 22 нысаны (4156 үлескер) бойынша жұмыс жоспары бекітіліп, оларда құрылыс қайта жанданды. Ал аса проблемалы 30 нысанның (11660 үлескер) құрылысын аяқтау үшін «Елорда құрылыс компаниясы» ЖШС-ке «Нұрлы жер» бағдарламасы бойынша 2017 жылы Үкімет қорынан 40 млрд теңге бөлінсе, 2020 жылы оған қосымша тағы 38,5 млрд теңге берілді. Бұл қаражат проблемалы нысандардың құрылысын жалғастыруға және

қосымша жаңа тұрғын үй кешендерін салуға жұмсалды.

Осы шаралардың арқасында 2019 жылы 2,5 мың үлескері бар 10 көпқабатты үй пайдалануға берілді.

ЕЛ ИГІЛІГІНЕ ЖАРАТЫЛЫП ЖАТЫР

Енді бір өңірлерде қала орталықтарындағы қараусыз ғимараттарды жөндеп, ел игілігіне жаратқан жөн деп шешкен. Мысалы, Ақтөбе облысының Ембі қаласының әкімдігі отыз жылдан бері есік-терезесіз қанырап қараусыз тұрған қос ғимаратқа жөндеу жасап, оны әлеуметтік осал топ санатындағы мүқтаж жандарға беруді жоспарлап отыр.

Сондай-ақ Ақтөбе қаласының жұртшылығы қараусыз нысандар нашакорлар мен жасөспірімдердің жыйнойнағына айналып барады деп көптен бері дабыл қағып келеді. Одан бөлек, шаһардағы көпқабатты тұрғын үйлер мен білім беру мекемелерінің басым бөлігі жарықтандырылмаған. Бейнекамералар жоқтың қасы. Сол себепті кейінгі уақытта құқықбұзушылықтың саны да өсіп кеткен. Қаланың түрлі аудандарында мұндай қараусыз нысандар жетерлік. Көпшілігі банк кепілділігінде тұр.

Алматыдан 70 шақырым жерде құрылысы аяқталмай қалған нысанның бірі — жоғары технологиялық құралдар кәсіпорны. Мұнда өндірістік роботтар шығару жоспарланған. Жобалаумен жапондықтар айналасқан. Кенес Одағы құлағанда зауыттың бес қабатты ғимаратының құрылысы да тоқтап қалды. Бұл жерде одан басқа да қараусыз қалған үй-жайлар бар. Олар түнде және кешке «күдікті адамдар» жиналса, демалыс күндері экстрималды ойынсуыр қауымның ордасына айналады. Зауыт қараусыз қалған кезде оны металл сынықтарына алуға бұза бастады. Кранмен цехтақтарын сыырып, бағаналарын құлатқан.

Маңғыстау облысының Жарма, Сазды және Қияқты ауылдарында мемлекеттік бағдарламамен салынған үш дәрігерлік пункт 14 жылдан бері қанырап бос тұр. Олардың әрқайсысына 21 млн теңгеден астам қаражат бөлінген. Бірақ тұрғындар жаңа ғимараттардың игілігін көрген жоқ. Аудан басшылығы бұл нысандарды қалай пайдаға жаратарын білмей дал. Бебекжай ашуға тырысқан, бірақ оған да сұраныс болмапты. Енді ауыл шаруашылығымен айналысамын деген кәсіпкерлер болса, ғимараттарды сенімгерлік басқаруға беріп құтылмақшы.

ӘЛЕМДІК ТӘЖІРИБЕ

Қаңырап бос қалған қалалар мен алып ғимараттар, зор конструкциялар өркеніет әлемдерінде де жеткілікті. Бұл нысандарды әр мемлекет өздерінің хал-қадірінше кәдеге жаратуға тырысады.

Көрші Өзбекстанда ауқымды реновациялық шаралар 2019 жылдан бастап қолға алынды. Өзбек билігінің айтуынша, 2021 жылы республика бойынша жалпы саны 211 көпқабатты үйді сүру және 57 үйді жаңадан салу жоспарланған. Апатты үйлердің проблемасы — Ресейде де өте көкейкесті мәселелердің бірі. Бұл елде бос ғимараттардан басқа иесіз қалған қалалар мен жүздеген ауылдың проблемасы да ұшынып тұр. Әзірге шешімін табар емес.

Бразилияда ескі ғиараттардың орнына жаппай жаңа үйлер салу бағдарламасының бірінші кезеңі 2009 жылы басталды. Оған мемлекет қазынасынан \$17,5 млрд бөлінді, нәтижесінде 1 млн пәтерлі көпқабатты үйлер пайдалануға берілді. Бағдарламаның екінші кезеңі 2011 жылы басталып, жалпы сомасы \$35,1 миллиардқа 2 млн пәтерлі тұрғын үйлер бой көтерді.

Германия моральды тұрғыдан тозған, коммуналдық қызмет көрсету қымбатқа түсетін ескі үйлерден арылу науқанын 2002 жылы қолға алды. Бұл уақытта Алмания аумағында одан басқа 1 миллионға жуық бос ғимараттар болды. Бұл елдегі жалпы үй қорының 13%-ын құраған. Оларды сүріп тастауға немесе жанартуға федералды бюджеттен 2002-2013 жылдар аралығында — €2,7 млрд, ал 2014-2015 жылдары €128 млн бөлінген.

Яғни, әлем елдерінде де аталған мәселеге көзқарас ұқсас. Ескі ғимараттарды не жөндеп, пайдалануға береді немесе мүлдем қиратады. Мүмкіндік болса, орнына жаңа құрылым салады. Әрине, екі әдістің де шығыны мол.

Сөз соңы. Дегенмен әлемде түрлі табиғи және техногендік апаттардың салдарынан қанырап қалған қалалар мен нысандардың бірқатары көпшіліктің қызығушылығын тудырған экскурсия орындарына айналды. Олардың қатарында Украинадағы Ченобыль АЭС-і, Намибиядағы тұтылған және көмілген Колмскоп, Тайваньдағы «өлім елесі» кезген Сан-Джи, Аустралиядағы улы қала Виттенум, Шығыс-Қытай теңізіндегі жойылған арал қаласы Хашима, Кипрдегі тікенек сыммен қоршалған Фамагуста қаласы, Филадельфиядағы түрме-мұражай бар.

Қырық жылғы көтергіштен қауіп көп

Петропавл қаласындағы әбден тозса да, әлі қолданылып келе жатқан лифтілер тұрғындардың үрейін ұшырып отыр. Көпқабатты үйлердің жоғары қабаттарында тұратын адамдар пәтеріне жеткенше иманын үйіріп, білетін дұғасының барлығын оқып шығатынын жасырмайды. Бірақ өз қаржысы есебінен жаңа көтергіш сатып алуды қалталары көтермейді. Бюджетте бұл мақсатқа қарастырылған қаржы теңізге тамған тамшыдай.

Қалалық тұрғын үй инспекциясының мәліметінше, Петропавл қаласында 1106 көпқабатты тұрғын үй болса, соның 112-сі 7 және одан да көп қабаттан тұрады. Онда 370 лифт орнатылған. Жұмыс істеп тұрғаны — 365. Бесеуі техникалық жағдайына байланысты мүлдем жарамсыз. Жартысына жуығының пайдалану мерзімі баяғыда-ақ өтіп кеткен. 200-ден астам лифтіге қызмет көрсететін «Петропавловск лифт» ЖШС басшысы Наталья Царькованың айтуынша, нормативтік мерзім 25 жыл болғанымен, көбінің пайдалану мерзімі 40 жылдан астам. «Сондықтан олар жиі сынады. Ең қиыны сол, оларды жөндейік десек, мұндай ескі құрылғыға арналған қосалқы бөлшектер де таусылып біткен. Қазір шығарылып жатқан көтергіштер мүлдем басқа, заман талабына сай жасалған. Ал біздікілердің көбі тым ескі. Бұрын қосалқы заттарды астанадан, не басқа қалалардан алдыратынбыз. Қазір Нұр-Сұлтан түгел жанарды, енді онда да жоқ. Оларды шығарған зауыттар да жабылған. Өткенде екі қаппақ іздеп қиналдык. Тауып едік, бағасы 120 000 теңге», — деп таусылды Наталья Рашидовна.

Тұрғындардың лифт қызметі үшін төлейтіні — адам басына айына 150-300 теңге. Бір подъезден бар болғаны 5-10 мың теңге жиналады. Бұл тиын-тебен еш жыртығын жамауға жетпейді. Осы азынаулақ төлеманың өзін төлемей отырған борышкерлер қаншама? Оған сенсек, көршілес орналасқан Көкшетау қаласында лифт қызметінің құны айына 1000 теңге екен.

Осындай қызмет көрсетумен айналысатын тағы бір фирма «СКОЛифтСервис»



ЖШС директоры Валерий Ярославцевтің ойынша, адам басынан ақша жинаған дұрыс емес. «Өйткені бір отбасында 4-5 адам болса да, бір не екі адам үшін ғана төлеуі мүмкін. Қазір бір пәтерде қанша адам тіркелгені туралы мәліметті жариялауға болмайды. Сондықтан біз адам санын тексере де алмаймыз. Төлем әр пәтерге белгіленсе, әділ болар еді. Жана жылдан бастап осындай төлем жүйесін енгізуді жоспарлап отырмын. Қазір адам басынан 300 теңге төлеп келген тұтынушыларымыз әр пәтерден 600 теңгеден төлейтін болады. Бұған отбасында адам саны көп тұрғындар қарсы болмайтыны түсінікті, себебі олар ұтпаса, ұтылмайды. Тек жалғыз тұратын адамдармен әңгіме жүргізгі, түсіндіруге тура келеді. Тариф 5 жылдан бері өзгерген жоқ. 7 жасқа дейінгі балалар үшін тегін. Нұр-Сұлтанда кейбір үйлерде карточка арқылы төлеу жүйесі енгізілген. Бұл жолалы төлегенмен бірдей. Ал бізге керегі — лифтіні күтіп-ұстау үшін төленетін төлем-ақы», — дейді Валерий Павлович.

Оның ойынша, тіпті отбасы ұзақ мерзімге жол жүріп кетсе де, тиісті төлеманы төлеуі тиіс. Заңгер Павел Афанасьев те осындай пікірде. «Пәтер қанша уақыт бос тұрғанына қарамастан, иесі кондоминиум нысанының ортақ мүлкін күтіп ұстауға

арналған төлемдерді төлеуден бас тарта алмайды. Бұл ретте бұл мүлікті пайдалана ма, жоқ па — маңызды емес», — деп жауап берді заңгер.

«ЖАМАН АЙТПАЙ, ЖАҚСЫ ЖОҚ»

Пәтер иелері ай сайын тиісті төлемдерді төлеп отырғанымен, соған сай қызмет көрсетілмейтініне наразы. Петропавлдық Татьяна Жукова 7-қабаттағы пәтеріне жеткенше зәре-құты қалмайтынын айтады. «Үйге жеткенше кабина дірілдеп-селкілдеп, сықырлап зәрені алады. Осы үйге көшіп келгенімізде лифт мүлдем істемей тұрған. Өзіміз ақша жинап, жөндеп алдық. Белбеулерін, мойынтіректерін алмастырдық, кабинаны ретке келтірдік. Бір түнде бар алюминийі қолды болғанда, ішіміз күйген. Қазір «Петропавловск лифт» ЖШС қызмет көрсетеді. Бірақ құр аты ғана. Ешқандай қосалқы бөлшектері, керек жабдықтары жоқ. Сынып қалса, оларға жүгінгеннен пайда жоқ. Жөндеуге 2-3 мың теңгелеп, техникалық тексеріске 1 мыңдай өзіміз ақша жинаймыз. Шынын айтқанда, осы лифт сынбаса екен деп дұға етіп отырамыз», — дейді ол. Лифтіні баптап ұстау үшін кешкі 22.00-де сөндіріп, таңғы 5-те қайта қосып отырған кездері де болыпты. Бірақ оған түнгі ауысымда

жұмыс істейтін, бизнеспен айналысатын тұрғындар қарсы шыққандықтан, қайтадан тәулік бойы жұмыс істеуге көшірген.

Татьяна Жукова тұратын үйдің басқа подъездерінің тұрғындары «Петропавловск лифт» ЖШС-нен бас тартып, «СКОЛифтСервис»-ке ауысыпты.

Ал қызмет көрсетушілер көп жағдайда тұрғындардың өздері кінәлі деп есептейді. «Олар бұл өздерінің мүлкі екенін түсініп, лифтіні ұқыпты ұстауы керек. Бәзбіреулер көтергіш жүк тасуға арналмағанын түсінбейді: жиһазын, тұрмыстық техникасын, велосипедтерін тасиды. Мұндай жүктемеден су жана лифтілер де істен шығады. Қазірдің өзінде бірқатар жана лифтілердің қабырғалары, есіктері жырылған», — дейді Наталья Царькова мен Валерий Ярославцев.

Тұрғындар мен қызмет көрсетушілер бір-бірін кінәлап отырғанда, «жаман айтпай, жақсы жоқ», қырық жылғы көтергіштің кесірінен жазатайым оқиға бола қалса, кім жауап береді? Наталья Рашидовна мұны түсініп отырғанын айтады. «Өзіміз де тәуекелге бармай, ескі лифтілерді сөндіріп-ақ тастағымыз келеді. Бірақ тұрғындар өтініш айтқан соң тағы аяймыз. Кейде 2-3-қабатта тұратындар да жүгінеді. Мысалы, бір әйел күйеуі қатты ауыратындықтан, баспалдақпен өздігінен көтеріле алмайтынын, әйел басыммен өзі көтеріп жүргенін айтып еніргенде етегі жасқа толды. Мұндайда қалай қоспасқа?», — делі Наталья Царькова.

Валерий Ярославцев те бұл тым үлкен жауапкершілік екенін айтады. Дегенмен пайдалану мерзімін ұзартуды өз мойнына алған. «Өндіруші зауыт белгілеген мерзім мен оны ұзартудың арасындағы айырмашылық жер мен көктей. Ешкім мұндай жауапкершілікті өз мойнына алғысы келмейді. Біз қазір үш үйім бірігіп, ескі көтергіштердің темір құрылғыларын, электр жабдықтарын, жалпы жағдайын тексеріп, осындай аттесттауды өткізуге мәжбүрміз. Нәтижесінде, кейде жарты жылға, кейде 3 жылға пайдалану мерзімін ұзартамыз. Ал шын мәнісінде моральдық та, материалдық та жағынан қауіп тұрған лифтілерді алмастыру керек», — делі Валерий Павлович.

Тұрғындар өз қалтасынан ақша шығарып, жана лифт сатып алуға мүлдем қарсы.

Ауқымды жоба жалғасып жатыр



Елорданы газдандыру мәселесі — қала тұрғындарының өмір сүру жағдайын жеңілдетуге бағытталған ауқымда жоба. Өйткені көмірден шыққан көк түтін қаланың экологиялық тазалығына да айтарлықтай қауіп төндіреді. Екіншіден, тұрғындардың қауіпсіздігі үшін де маңызды. Елбасының бастамасымен жүзеге асырылып жатқан елорданы газдандыру жобасы қалай жүріп жатыр? Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев тікелей бақылауына алған бұл жұмыстың қысқа дейін қанша пайызы аяқталуға жақын?

Екі жылдан бері қолға алынған газдандыру жүйесі жұмыстарының бірінші және екінші кезеңі қарқынды іске асып жатыр. Сол алғашқы кезеңде 9 іске қосу кешені жүзеге асуы керек болған еді. Бүгінде жоспарға сәйкес, 6-уы іске қосылған.

Нұр-Сұлтан қаласының әкімі Алтай Көлгінов қазір қаладағы бірқатар елді мекен толығымен газдандырылғанын айтқан болатын. Атап айтсақ, биылғы жылыту маусымында қаладағы жеті елді мекен тұрғындары газға қосылу мүмкіндігін алатын болды. Қыстың қамын жазда ойлаған әкімдік жылыту маусымының басталуына дейін тағы бірнеше ауданға газ құбырын тартуға үлгеру үшін барын салып жатыр. Қаладағы жылыту маусымы шамамен 7 айға созылатынын ескерсек, газдандыру жұмысы қала тұрғындарының өмір сүруін едәуір жақсартуы тиіс. Биыл жылыту маусымында газға қосылу мүмкіндігін тағы Оңтүстік-Шығыс, Промышленный, Көктал-1, Агро-қалашық (2020 жылы қосылмаған бөлік). Бұдан бөлек, «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ Күйгенжар, Мичурино, Интернациональнй елді мекендері тұрғындары көре алады. «Қазақбуыл» (Қараөткел) шағынауданы бойынша да газбен жабдықтау желілерінің құрылысы қарқынды жүргізіліп

келеді. Қазір бұл бойынша жобалау-сметалық құжаттама әзірленіп жатыр. Сондай-ақ қала әкімінің айтуынша, газ тарату желілерін салу бойынша ауқымды жұмыстар жалғаса береді. Осы жылы тағы 317 шақырым газ тарату желісі салынуы тиіс. Оның ішінде 240 шақырым астамы дайын. Былтырғы жылыту маусымында Теміржолшылар, Көктал-2, Агро-қалашықтың бір бөлігінің тұрғындары газға қосылу мүмкіндігін алған болатын. Қазір 345 шақырым кварталшілік газбен жабдықтау желілерінің жұмысы аяқталған.

Қаладағы газ құбырын тарту бойынша жұмыстарға қызығушылық танытып отырған тұрғындар көп.



Мәселен, Үркер шағынауданының тұрғындары газдың қызығын қашан көре алатынын сұраған. Жауапты мамандардың айтуынша, бұл аудан халқының сұрауы келесі жылға қалып отыр. Қазір Үркер шағынауданын газбен қамтамасыз ету 2022-2023 жылдардың жоспарына енгізіліп, бұл бойынша жобалық-сметалық құжаттар жасалып қойған. Сонымен бірге Оңтүстік-Шығыс ауданы мен Агро-қалашық халқының да газдандыру жұмысына байланысты толғандырып жүрген сауалы көп. Дегенмен жауаптылардың берген жауабына сүйенсек,

бұл аудан халқының алаңдауына негіз жоқ көрінеді. Өйткені ауданды газдандыру желілерінің құрылысын аяқтау екі ауданда да қыркүйек айының соңына дейін жоспарланған.

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің отын-энергетикалық ресурстар бөлімінің басшысы Максат Есмағұлов қазір Көктал-1, Көктал-2, Агроқалашықтың бір бөлігі, «Теміржолшылар» тұрғын үй алаптарындағы әрбір үйге толығымен газ әкелініп, құбыр ішіне берілген деп отыр. Ал ары қарай әрбір тұрғын өз қалауы бойынша газ құбырына қосыла алады. Сонымен қатар былтыр екі жылду беру орталығы қазандық газға ауыстырылыпты. «Биыл ЖЭО-1 және ЖЭО-2-ге тағы қазандық қосылады. Атап айтсақ, ЖЭО-1 4 қазандық, ЖЭО-2-ні 5 қазандық газбен қамтамасыз ету көзделген», — дейді Максат Қайыр-кешұлы.

Сондай-ақ бөлім басшысы қалыпты газға көшуге халықты ынталандыру үшін мемлекет пен әкімдік тарапынан бірнеше шара қарастырылғанын жеткізді. Бірінші кезекте газға қосылуға ниет білдірген әрбір тұрғынға тегін есепші құрылғысы беріледі. Оның құны шамамен орташа алғанда, 80-90 мың тұрады екен. Оны газға қосыламын деген кез келген адам тұрғын үй шарттарынан алғаннан кейін

әкімдіктен алуына болады. Екіншіден, зейнеткерлер мен мүгедектігі бар адамдарға әкімдік тарапынан 270 мың көлемінде көмек қарастырылған. Үшіншісі, әкімдік Халық банкпен бірге газға қосылатын тұрғындарға несие алу бойынша жеңілдік қарастырады. Яғни, газды қостыруға қажетті несие рәсімдегенде пайызсыз және кепілсіз беру туралы меморандум бар. Несие берудің ең үлкен құны — 750 мың теңгені құрайды. Тұрғындардың бұл қаржыны бөліп төлеуіне банк рұқсат беруі тиіс.

Жадыра МҮСІЛПІМ



Тау тұлға тұғырына қонды

Елордада Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай әскери-тарихи музей жанындағы алаңда мемлекет қайраткері Жұмабек Тәшеневке ескерткіш қойылды.

«Көрнекті мемлекет қайраткері, еліміздің гүлденуіне үлкен үлес қосқан Жұмабек Тәшеневке ескерткіш ашып отырмыз. Осыған дейін Нұр-Сұлтанда ұлы тұлғамызға көше аты берілген болса, жуырда мектепке есімі қойылды. Енді, міне кезек ескерткішке келіп отыр. Ағамыздың мүсіні комиссия мүшелерінің, зиялы қауым өкілдерінің, ұрпақтарының келісімімен құйылды. Дәл сондай-ақ ескерткіштің тұрған орны да мүдделі тараптардың келісімімен тандалды. Бүгінгі елорда Отанымыздың тек саяси ғана емес, мәдени және рухани ордасы. Бүгінге дейін Нұр-Сұлтанда еліміздің танымал тұлғаларына арналған бірқатар ескерткіш ашылды. Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығы қарсаңында пандемияға қарамастан еліміздің руханиятын көтеретін бастамалар ары қарай да жалғаса береді», — делі Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің орынбасары Асхат Оралов.

Ашылу салтанатына қатысқан белгілі мемлекет қайраткері, ғалым Мырзатай Жолдасбеков еліміздің өркендеуі жолында еңбек еткен азаматтардың аз болмағанын, олардың арасында Жұмабек Тәшеневтің шоқтығы биік екенін айрықша атап өтсе, мемлекет және қоғам қайраткері Оралбай Әбдікәрімов: «Мемлекеттік тұлға ашылып отырған ескерткіш Тәуелсіздіктің жарқын жемісі. Тарихи тұлғамыздың мүсіні елордамыздың төріне орнатылып отыр. Қуанышымыз құтты болсын! Жұмабек Тәшенев өз елінің перзенті ретінде ел алдындағы парызын өтетін тұлға деп есептейміз» деген жүрекжарды лебізін жеткізді.

Салтанатты шараға қатысқан қоғам қайраткерінің ұлы Саян Жұмабекұлы мен келіні Фатима Садыққызы сөз сөйлеп, Елбасына, Мемлекет басшысына алғысын білдірді. «Жұрт менен «Әкеннің атын неліктен насихаттамайсың, елге сіңірген еңбегін не үшін айтпайсың?» деп сұрап жатады. Ал менің ойымша, елге сыйлы азаматтың еңбегін халқы өзі бағалауы тиіс. Бүгінгі ашылып отырған ескерткіш халықтың әкеме деген сый-құрметі деп білемін», — делі Саян Жұмабекұлы.

Ескерткіштің авторлары — саулетші Қ.Қорғанов пен мүсінші Е.Ержанов. Мүсін қоладан, тұғыры граниттен құйылған, ескерткіштің жалпы биіктігі — 8,2 метр. Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай биыл елордада мәдениет пен жалпы елдің дамуына үлкен үлес қосқан белгілі қазақ қайраткерлеріне арналған ескерткіш топтамасы ашылды. Бұған дейін қалада алашордашыларға, Дина Нұрпейісова, Талғат Бигелдинов, Қаныш Сәтбаев сынды тұлғаларға ескерткіштер қойылған болатын.

Сәулелі ескерткіш көпшіліктің көңіліне сәуле құйып, жүрегін жылытты. Ел тәуелсіздік жолында еңбек еткен тұлғаларын құрметтеп, қадірлей бермек. Ақын Мираас Асан көңілдегі көрікті ойды мынадай жыр шумақтарымен жеткізген екен:

«Бабанның бұзбай текті арда салттын, Төске алып қоныр белді жанға салқын, Мүсін боп қазағына қайта келдің, Сен қорғап қалған жердің әр тасы алтын!» Ақиқаттың ақ семсері секілді Алаштың айбарына айналған тұлғаға қойылған ескерткіш елорда төрінде қасқайып тұр.

Гүл БЕКЗАТ

Ең арзаны — 6 миллион теңге. Мұны бір подъезд тұрғындарының қалтасы көтермейді. Пәтер жалдаушылар мұндай өңгімені тыңдағысы да келмейтіні түсінікті.

ӘЛЕМ ЖӘНЕ АБАЙ

Сеул төрінде ұлы хакімнің мүсіні қасқайып тұр. Абай Құнанбаевқа қойылған ескерткіш Сеул Кибер университетінің кампусы алдында орнатылған. Жобаны Оңтүстік Кореяның үздік мүсіншілері қазақстандық эскиз бойынша әзірлеген. Бюст қоладан, ал 1200 метрлік тұғыры мәрмөрден жасалған.

Айым БЕКТҮР

Ашылу салтанатында сөз сөйлеген Президент Қасым-Жомарт Тоқаев: «Абай — ұлы ақын ғана емес, кемеңгер ойшыл, әйгілі ағартушы. Сондықтан Абайға арналған бюсттің білім ордасына қойылуы орынды шешім екені сөзсіз. Мұның символдық мән-маңызы айрықша. Ол жұртты ғылым игеруге, білімдар болуға үнеледі. Жанашилдық пен жасампаздықты дәріптеді. Абай мұрасы — біздің елімізге ғана емес, барша адамзатқа ортақ құндылық» деген еді.

Абай арқылы әлем қазақтың даралығы мен даналығын таниды. Төрткүл дүниенің бірқатар елінде ойшылдың құрметіне арнап ескерткіш асылып, есімі көше атауларына берілген.

ҰЛЫ ОЙШЫЛДЫҢ АТЫНДАҒЫ КӨШЕЛЕР
Мәселен, Душанбеде Абай есімімен аталатын көше бар. ТМД елдерінде ұлы ойшылдың атында ашылған алғашқы көшелердің бірі. Ол 1963 жылы қазақ әдебиетінің он күндігі аясында ашылған. Одан кейінгі үлкен көшелердің бірі — Делиде. Үндістанның басты шаһарындағы көшенің толық атауы — Абай Мардж. «Мардж» деген сөз жол деген мағына береді. Абай көшесінің ашылуына Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың өзі қатысқан. Украинаның

астанасы Киев қаласында да ақынның атында көше бар. Сондай-ақ Краматорск, Днепрпетровск қалаларында да ұлы хакімнің атымен аталатын көшелер бар. Абай Құнанбаевтың 150 жылдығы қарсаңында Лондон қаласында Роллан Сейсембаевтың бастамасымен Абай үйі ашылған. 1998 жылы Каирде ашылса, 200 жылы Берлинде ұлы ақынға арнап көше берілді. Ташкент, Бішкек қалаларында да Абай атындағы көше атаулары бар. Үндістанның астанасы Нью-Делиде, Әзербайжан астанасы Бакуде көше атаулары ұлы ғұламаның атымен аталады. Әзербайжан халқы ақын шығармаларын сүйіп оқиды. Мажар халқының да Абай Құнанбайұлына деген құрметі бөлек. Олар 2014 жылы Венгрияда қазақтың біртуар ұлына арнап ескерткіш қойған. Көрші өзбек халқы да Ташкентте қазақ ойшылына арнап, үлкен ескерткіш тұрғызды. Ескерткіштің ашылу салтанатына Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаев пен марқұм Ислам Каримов қатысқан. Ескерткіш орнатылған қаладағы Шайхантахура ауданындағы басты көшелердің біріне Абай атамыздың есімі берілген. Ташкенттегі ескерткіштің авторлары — белгілі қазақ мүсіншісі Нұрлан Далбай мен сәулетші Расул Сатыбалдиев. Ал Мәскеудегі ескерткіш — Ресейдің елімізге тартуы. 2006 жылы Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев пен Ресей президенті Владимир Путиннің кездесуі кезінде ұлы ақынға ескерткіш орнату туралы келісілді.

Ақынның ескерткішін Мәскеудің «Чистые пруды» бульварынан көруге болады. 2014 жылы Қытай астанасы Бейжің орталығындағы «Чаоян» саябағында Абайға арналған ескерткіш ашылды. Оған сол кездегі Сыртқы істер министрі Ерлан Ыдырысов қатысты. Мүсінді жасаған — Юань Сикунь. Францияның Ренн қаласында 2016 жылы Абай Құнанбайұлына ескерткіш орнатылды. 2007 жылы қазан айында Иран Ислам Республикасы Тегеран қаласында Абай мүсіні ашылды. Мүсін Ұлттық кітапханаға кіреберіс аллеяда орнатылған. Сондай-ақ Иран ұлттық кітапханасында да Абайдың мүсіні қойылған. Абай тек өзінде ғана емес, қазақ жұртын білетін барлық ел таниды. Себебі Абай мен қазақ — егіз ұғым. Ол қазақ халқына жана ойлау жүйесі мен таным сыйлады. Шығыс пен Батыс мәдениеттерінің алтын көпіріне айналды.

АБАЙ ШЫҒЫСКА ҒАНА ТӨН БЕ?
Ұлы ғұламаның артында ісі қазаққа ғұмырлық рухани азық болар өшпес мұрасы, өлмес ізі қалды. Еліміздің әр өңірінде Абай ескерткіші мен-мұңдаласа, ақын атындағы қаншама көше, мектеп, оқу орталығы бар. Статистикалық деректерге сүйенсек, елімізде ұлы ойшылдың 17 ескерткіші бар екен. Оның ең үлкені Алматыдағы Республика сарайы алдында тұр. Бұл ескерткіштің орнатылу тарихы да ерекше. Әуелде мүсінші Хакімжан Наурызбаевтың туындысы жазушы Мұхтар Әуезовке ұнай қоймаса керек. Тіпті, бірнеше рет өзгертуге тура келген. Абайға арналған тұңғыш ескерткіштің тұғырын сәулетші И. Белоцерковский қойған. Мүсінін Наурызбаев қоладан құйған. Ескерткіштің тұтас биіктігі — 13,7 метр.



Абайға арналған ескі ескерткіштердің бірі Семей қаласындағы Абай алаңына орнатылған. Тастұғырда данышпанның «Өлді деуге бола ма, айтындаршы, Өлмейтұғын артында сөз қалдырған» деген өлең шумағы жазылған. 1972 жылы ашылған бұл ескерткіштің авторлары — мүсінші Эльбакидзе мен сәулетші Шингарев. Одан кейінгі биік ескерткіштің бірі Орал қаласында орнатылған. Ол 2002 жылы 17 тамызда ашылған. Ескерткіш граниттен жасалып, классикалық үлгіде бой көтерген. Қарағанды қаласы мен Өскемен қаласында да ұлы ойшылдың ескерткіші бар. Елімізде Абай есімін иемденген мектеп көп. Кейбір аудандарда бірнеше мектеп ұлы ойшылдың есімін иемденген. Ондай оқу орындарының көпшілігі ірі қалаларда: Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкентте бар. Одан бөлек, Алматы облысы, Қарағанды, Шығыс Қазақстан облысында ұлы ғұламаның есімін иемденген мектеп, оқу орталықтары, жоғары оқу орны, көше бар. Ал батыс

облыстарда көбіне жергілікті батыр-билердің есімін беруге тырысады. Ел мен жер ортақ. Тарихи тұлғалар ортақ. Сол себепті де әр өңірде Абай, Шокан, Ыбырай есімі алғашқы орында тұруы тиіс. Өйткені Абай — барша қазаққа ортақ тұлға. Тіпті, қазақтың төлқұжаты деп айтуға болады. Төрткүл дүниеде қазақты танитын мемлекеттер Абай есімін ұлықтап, ескерткіш мүсінін қойып, көше беруге тырысып жатқанда, елімізде де бұл үрдісті жалғастырығанымыз дұрыс. Бұл олардың ұлы ойшылға деген құрметі болса керек-ті. Қалай десек те, Абайды тану — адамның өзін-өзі тануы. «Адамның өзін-өзі тануы және ғылымға, білімге басымдық беруі — кемелдіктің көрінісі. Интеллектуалды ұлт дегеніміз де — осы. Осыған орай, Абай сөзі ұрпақтың бағыт алатын теміржолына айналуы қажет», — дейді Президент Қасым-Жомарт Тоқаев. Сол айтқандай, «келер қазақтың да ішетін уы мен балы Абай» екенін ұмытпаған абзал.



Жезді жетімсіреп тұр...

Ауылдың жағдайы ешкімді бейжай қалдырмаса керек. Егер де ол елді мекен қиындықтарды бастан кешіріп жатса. Сондай кенттің бірі — Қарағанды облысы Ұлытау ауданына қарасты Жезді ауылы.

Сонау отты жылдары, оқ өтпейтін болат сауыт жасауға жұмсалатын шикізат өндіретін кеніштер жау қолында қалып, қиын-қыстау күн туған күрделі кезең — 1942 жылы 38 күнде марганец кенішін қатарға қосқан жезділіктер тәуелсіздікке қол жеткенде тағдыр төлкегіне ұшырады. 1944 жылы «Жұмысшы қалашығы» мәртебесін иеленген Жезді 90-жылдары тоқыраудың топанына тұншықты.

Соғыстан соң марганец кені 1956 жылға дейін Орал зауыттарына жіберіліп тұрады. Сосын оған сұраныс күрт азаяды. Жергілікті мамандардан айырылып қалмау қауіпін Жезді марганец кен баскармасы «Плавуда» қарамағына өтіп, 1965 жылға дейін мемлекеттік қорға қажетті көлемде ғана кен өндіре бастайды. Сол жылы байыту фабрикасының қатарға қосылуы құрамы металға кедей құнарсыз кенді барынша байытуға мүмкіндік тудырды. Жеткілікті көлемде шикізатпен жабдықтау мақсатында қосымша карьер де қатарға қосылды. Ол кезде Жезді марганец кен баскармасы Қара металлургия министрлігіне қарайтын. 1970 жылы «Союзрудаға» бағынышты свердловскілік «Уралрудаға» берілді. Кейін қоғамдағы өзгерістерге байланысты Жәйрем кен-байыту комбинатының құрамына кірді. Бірақ елде марганец кеніне сұраныс азайып кетті, одақ ыдырағаннан кейін бұрынғы тұтынушылармен байланыс үзіліп тынды...

ТОЗ-ТОЗЫ ШЫҚТЫ...

Ал кеніштің қолына алып, жұмысын жүргізіп, көсегесін көгерте қоятындай кәсіпкер немесе басқадай бизнес иесі шыға қоймады. 1995 жылы «Қазмарганец» АҚ банкрот болып, байыту фабрикасы қантарылды. 1997 жылы мамырда аудан тараған соң орталығындағы тұрғындардың тоз-тозы шықты. Жездіде жерүлді қоспағанда 53 көпқабатты тұрғын үй болды. Соның 70 пәтерлік 5 қабатты 1-еуі, 32 пәтерлік 4 қабатты 2-еуі, 2 қабатты бірнешеуі, ұзын-ырғасы 15 шақтысы бейберекет бұзылды. Сонымен қатар 3 қабатты орта мектеп, 2 қабатты жана балабақша, 2 қабатты тубдиспансер, тағы басқа бірқатар ғимарат қиратылып,

материалы «ұстағанның қолында, тістегеннің аузында» кетті, опырайған орнында қоқыс қана қалды. Қазір кетеуі кеткен кентте бір кездегі халықтың бестен бір бөлігіне жетер-жетпес қана адам тұрады, нақтысы — 2 204. Осының мыңға жуығы экономикалық белсенді бөлігі болып саналады. Бүгінде оларды ойландыратын да, толғандыратын да мәселе жеткілікті. «Үмітсіз — шайтан» дегендей, ауданнан — 75, облыс орталығынан 600 шақырым қашықтықта жатқан жезділіктер үмітін үзбей отыр.

АУЫЛДЫҢ ЖАҒДАЙЫН АУЫЛДАҒЫ БІЛЕДІ
— Бүгінде елдің әлеуметтік әлеуетін арттыруға, тұралаған тұрмысын тұғырландыруға, аймақты абаттандыруға, тағы басқа шырайлы шараға бағытталған бірнеше мемлекеттік бағдарлама бар. Оны жүйелі жүзеге асырып, игілігін көріп отырған жұртшылық та жеткілікті. Былтыр Жезді кентінде де бірқатар бағдарлама қолға алынды. Бірақ береке таппаған бағдарламалар өкінішке ұрындырып, бөлінген қыруар қаржы игерілмей қалды, жыл соңында басым бөлігі бюджетке қайтарылды, — дейді Жезді тарихын зерделеп жүрген журналист Әлібек Әбдірәш.
«Ауыл — елбесігі» бағдарламасы аясында орташа жөндеу жұмысы басталғанда көп жылдан бері жезділіктердің жүйкесін жүндей тұтқан автокөлік жолы мәселесін шешуге бірегей бетбұрыс жасалғандай көрінген. Обалы не керек, Абай мен Құтыбаев көшелері бойына сапалы асфальт төсеп, жұмысын кестеге сай тамыздың алғашқы аптасында аяқтаған «Дорстрой материал LTD» ЖШС 34 612 615 теңге қаражат игерді. Қожабай ақын көшесінде өз міндетін мінсіз атқарған «Құрылысшы ДК» ЖШС-де шілдігір шілдеде тиесілі 13 987 мың теңгені шытырлатып санап алды.

Есесіне «Құсайн жолы» ЖШС «саубасқа — сақина» болып жабысты. Ол Байытушылар көшесінде — 1,8 (65 968 000 теңге), Ақмолада батыр көшесінде — 1 (32 480 000 теңге), кентке кіреберістен Живов көшесінің жартысы мен Кеншілер көшесінен кенттің шығаберісіне дейін 4 шақырым (70 672 000 теңге) жолға орташа жөндеу жүргізуі керек еді. Ама! не, бұл мердігер белгіленген тапсырманы жарым-жартылай орындап, жұмыстың сапасына мән бермей, қыруар қаржының күн-жынын шығарды. Ақыры келісімшартты бұзуға тура келді. Жергілікті билік үш рет облыстық мамандандырылған экономикалық

соттың төрелігіне жүгінді, алайда төтенше жағдайға байланысты талап-арыз қаралмай қалды.

Бір қызығы, былтыр Құтымбетов көшесінің бойындағы Кеңесары хан алаңына ағымдағы жөндеу жүргізу жоспарланады. «Жұмыспен қамтудың жол картасы» бағдарламасына енген жобаны жүзеге асыруды теңдер жеңімпазы «СМК Промстрой» ЖШС мойнына алады. Келісімшартқа сәйкес ол республикалық бюджеттен бөлінген 22 400 000 теңге қаражатты игеріп, нысанды 31 тамызда тапсыруы тиіс еді. Бірақ адам күші жетіспейді. Жұмыспен қамту орталығы жіберген 4 адам мардымды шаруа тындырмады. Ақыры мердігер жұмысты толық аяқтамай, тастап кетті. Кент әкімдігі облыстық мамандандырылған экономикалық сотқа шағымданды. Таяуда тағы байқау жарияланды.

Өткен жылы тұсауы кесілген ауқымды жоба — 160 орындық спорт-сауықтыру кешені. Оның құны — 396 717,1 мың теңге. Байқауда бағы жанған мердігер — «Карагандастройконструкция» ЖШС. Бірден айтайық, былтыр бұл нысанда мардымды жұмыс атқарылған жоқ, оның әртүрлі себеп-салдары бар. Негізгі ғимараттың, қазандықтың, көмір және күл қоймасының іргетасы қаланды. Қарағандыдағы «Имсталькон» АҚ темір құрылыстары зауытынан өкімшілік ғимаратының қанқасын көтеруге арналған металл конструкциялар әкелінді. Игерілген қаржы көлемі 86 259,4 мың теңге екен.

ТҮЙІН:

«Жұмыспен қамтудың жол картасы» бағдарламасына енген нысанның пайдалануға берілетін мерзімі — 2021 жылғы желтоқсан. Биыл облыстық бюджеттен — 248 145,0 мың, жергілікті бюджеттен 77 458,0 мың теңге бөлінді. Тек жылдың құрылысқа қолайлы кезеңі өтіп бара жатқаны алаңдатады. Ала жаздай алаңсыз жатқан құрылыс алаңына тамызға он күн қалғанда 4 құрылысшының ғана табаны тиді. Құрылыс-монтаж жұмысымен айналысатын негізгі күштің әзірге қаржысы көрінбейді.

Иә, Үкімет арнайы бағдарламаларға миллиардтап ақша бөледі. Ауыл көркейсін деп. Бірақ игілігін көріп жатқан тұрғындар жоқ. Нағыз қызу жұмыс жүрер уақытта қантарылып тұрып, күз түсіп, қыс қарайлағанда ғана іске кірісетіндерге не деуге болады? Жезді шынымен жетімсіреп тұр...

Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ,
Қарағанды облысы

Онлайннан – оффлайнға: балаға қауіпті емес пе?

(Басы 1-бетте)

Айзат АЙДАРҚЫЗЫ

«Сабак оффлайн болатыны мен үшін уайым болды. Пандемия басталғалы бір жарым жылға жуық уақытта тұрғындарды ең болмаса бетперде тағуға үйрете алмадық. Мұғалімдер 100% вакцина алап-ау. Оқушылар ше? Ата-аналар ше? Оқушылардың көбі мектепке қоғамдық көлікпен келеді. Қоғамдық көліктегі жолаушылар 100% вакцина алды демеу-ақ қойайын, маска таққан ба?



«Сыныпта бір оқушыдан COVID-19 табылса, онда сынып толығымен онлайн форматқа көшеді. Ал коронавирус оқушылар мен ұстаздардың 20%-ында анықталса, онда мектепті толығымен жабады. Оқушылардың жартысы оқып, жартысы оқымаса карантин болады.

Әрине, конференция барысында министр де, вице-министр де бұл туралы жұмған аузын ашпасы анық», — дейді Facebook парақшасында белсенді ұстаз Өмір Шыныбекулы.

Бұл жерде педагогтің конференция деп отырғаны — жыл сайынғы Тамыз пленарлық отырысы. Ұстаздар мен ата-аналардың көпшілігі осы мәселені көтеріп, жауап алғысы келді-ақ. Бірақ желідегі адамның көптігі, бітпейтін есеп беруден сұрақтардың назарға ілікпегені бар. Өз тарапымыздан министрлікке осы сауалды жеткізгенімізбен, біз де жауап ала алмадық. Тамыз конференциясындағы қаралым санын жеткізу мен жарнамалауға көп уақыт керек-ау деп топшыладық.

Қош, Үкімет басшысы Асқар Мамин мұғалімдерге вакцина салуды 25 тамызға дейін аяқтауды тапсырған-ды. Еліміздегі вирустың репродуктивтілік индексі — 0,97. Екпе алу қарқыны бойынша Түркістан облысы және Алматы мен Шымкент қалалары алда тұр. Оның айтуынша, Маңғыстау, Атырау, Қостанай және Батыс Қазақ-

стан облыстарындағы вакцина алу көрсеткішін көтеру керек.

Осы тұста жоғарыда аталған мәселелер ойға оралады. Мысалы, биыл 3,4 миллионнан астам оқушы мектепке барады. Оның 380 мыңнан астамы І сыныпқа қабылданған. Яғни, еліміздегі 7 475 орта білім беру мекемелері жұмысын бастайды. Бірақ оқушылардың әрқайсысын бақылап, маска тағуын, үзілісте етене жақын араласуға жол бермеуді қадағалау қиынға соғары анық. Ұстаз Ақмарал Бүрлібаева, әсіресе мектепке дейінгі білім беру мекемелерінің оффлайн форматқа дайындығына

ауырып қалған жағдайда еңбекке жарамсыздық бойынша жәрдем-ақының жайы. Мұны белсенді ұстаз Мейіржан Темірбекұлы тәптіштеп түсіндіріп берді. Оның айтуынша, мұғалім ауырып сабақтан қалатын болса, жалақысынан 10 күнге шамамен 100 мың теңге ұстайды. Сөйтіп де еңбекке жарамсыздығы үшін 43 мың теңге төленеді. Ал бір ай жұмысқа жарамсыз болса, 43 мың теңге төленеді де жалақысы түгелдей ұсталады. «Егер мұғалім КВИ-мен ауырса кемі 10 күн ауруханада жатса, ары қарай сауығуы үшін тағы біраз уақыт керек. Шамамен 25 күн. Сол үшін жарамсыздық парағына көп ақшасы кетіп қалатын болған соң, ауырса да мектепте жүре беруі мүмкін. Себебі жалақыға қарап отыр, бастарында кредиті бар. Ең құрығанда, ковидпен ауырып жатқан мұғалімдерге еңбекке жарамсыздық жәрдемақысының ақшасын көбейту керек. Пандемия кезінде республиканың түкпір-түкпірінде осындай жағдай болды. Қазір оффлайн форматқа көшкелі жатырмыз. Сондықтан ойланатын, көңіл бөлетін мәселе деп есептеймін», — дейді ол.

Расымен, індет өршіген тұста ұстаздардың да арасында ауырғандар болды. Алайда жалақы тұрмыс үшін керек болғаннан, ауырып жүрсе де, онлайн сабақ берді. Енді дәстүрлі формат кезінде ауруды жасыру ұзаққа бармас. Сол үшін ұстаздардың жанай-қайына бір сәт құлақ түрген де жөн. Оған қоса вакцина салдыруға денсаулығы жарамайтын педагогтер апта сайын, бастауыш сынып мұғалімдері 3 күнде бір ПТР-тест тапсыратыны айтылып жүр. Солардың арасында ауру күшейсе, жауапты кім болмақ?

«Жаз бойы ауырдым. Барлық жерге ақылы түрде емделіп жатырмын. Жұмысқа шығатын уақытым жақындады. Шығайын десем, ем қабылдауым керек. Шықпай, еңбекке жарамсыздық парағын алайын десем, айлығым аз төленеді. Сонымен, не істеуім керек? Маусым айында екі рет пневмония болдым, енді неврит мазалап жүр. Біраз күннен кейін қайта емделуім керек. Ал оқу жылының басы болса таяп келеді. Бұған кім не деректен? Біз МӘМС-ке не үшін ақша төлейміз? Ол қайда кетіп жатыр?», — дейді педагог Гаухар Елгонова.

Міне, ұстаздар арасында осыған ұқсас сансыз сауал көп. Әрқайсысы кімнен, қалай жауап аларын білмейді. Мәселен, еңбекке жарамсыздық бойынша белгілеп қойған арнайы төлем бар. Одан асып кете алмайды. Сондықтан дәстүрлі форматқа көшеміз деп нық айтпас бұрын, осындай ұсақ-түйек мәселелерді шешіп алу керек-ақ...

Мәдениеттің мәйегі маңызды

Қарағанды облыстық мәдениет және архивтер объектілерінің мемлекеттік желісіне 673 мәдениет, өнер және архив объектісі, атап айтсақ 315 кітапхана, 274 клуб үлгісіндегі ұйым, 21 бейнемобиль, 5 театр, 20 музей, 20 архив, 2 концерттік ұйым, облыстық мәдени-сауық және халық шығармашылығы ғылыми-әдістемелік орталығы, тарихи-мәдени мұраны сақтау орталығы, 12 мәдениет және демалыс саябағы, кинотеатр, көрме залдары және хайуанаттар бағы кіреді. Ал облыстың орталық мәдени ордасы Кеншілер мәдениет сарайында жүріп жатқан жөндеу жұмыстары тамыз айының соңында аяқталып, тұрғындар үшін жаңартылған қалыпта өз есігін айқара ашақ. Бұл туралы Қарағанды облыстық Мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Еркебұлан Жұмакенов өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен онлайн баспасөз мәслихатында кеңінен мәлімдеді.

Жиында 2020 жылға арналған жоспарлар мен атқарған жұмыстар егжей-тегжейлі айтылды.

— Облыстағы 600-ден астам мәдениет және архивтер нысаны пандемияға қарамастан онлайн режимде жемісті жұмыс істеп келеді. Қызметкерлер халықаралық және республикалық байқауларға қатысып жүр. Мәдениет және спорт министрлігі ұйымдастырған «Рухани қазына — 2021» фестивалінде Қарағанды облысы жеті жүлделі орынға ие болды, — деп атап өтті қарағандылықтардың жетістігін Еркебұлан Қайроллаұлы.

Оның айтуынша, қазір облыс аумағында 2 700 тарих және мәдениет ескерткіші бар екен. 22-і республикалық мәртебеге ие. Олардың қатарында Жошы хан кесенесі, Бегазы қорымы, Қы-

зылкент сарайы және тағы басқа киелі орындар бар. Биыл күзде Талды археологиялық паркі ашылып, Абай тұрған Қарқаралыдағы үй реставрацияланбақ. Бұдан бөлек, Жезқазғандағы СтепЛАГ ғимаратын қайта

Ал облыстық архив қызметі — еліміздегі Ұлттық архив қоры құжаттарының құрамы бойынша ең ірілерінің бірі. Облыстың 20 мемлекеттік архивінде сақталған құжаттардың жалпы көлемі 2021 жылғы 1 қаңтардағы мәліметке сәйкес, 2 млн 867 мың сақтау бірлігін немесе 6 мың 914 қорды құрайды екен.

жөндеуге, тарихи-мәдени мұраны сақтау мақсатында 2021 жылы 13 археологиялық зерттеу және 15 нысанға реставрация жұмыстары жоспарланып,

облыстық бюджеттен қаражат бөлінген.

— 2020 жылы 96 мәдениет және мұрағат нысаны жөнделді. Биыл Бұқар жырау ауданы Баймырза ауылының клубына және Осакаров ауданы Молодежный

кеңтінің мәдениет үйіне «Ауыл — ел бесігі» жобасымен күрделі жөндеу жүргізіледі, — деп толықтырды Еркебұлан Жұмакенов. Сонымен қатар мәдениет



және өнер қызметкерлеріне айтарлықтай көңіл бөлінеді. Биыл оларға 30 пәтер берілсе, 2022 жылы тағы 40 отбасын тұрғын үймен қамтамасыз ету жоспарланып отыр. Алдағы уақытта тағы 150-200 пәтер бөлінбек.

Бұдан басқа, брифинг барысында мәдени іс-шаралар жайы да тілге тиек етілді. Олардың да басым бөлігі эпидемиологиялық жағдайға байланысты онлайн өтеді.

Ал алдағы уақытта Жанат Хаджиев атындағы халықаралық

театр фестивалі, Тәттімбет атындағы республикалық байқау және «Тәуелсіздік: Сөз бен Сурет» атты ақындар мен суретшілердің республикалық онлайн байқауының жеңімпаздарын марапаттау рәсімі жоспарланып отыр. Ал облыстық архив қызметі — еліміздегі Ұлттық архив қоры құжаттарының құрамы бойынша ең ірілерінің бірі. Облыстың 20 мемлекеттік архивінде сақталған құжаттардың жалпы көлемі 2021 жылғы 1 қаңтардағы мәліметке сәйкес, 2 млн 867 мың сақтау бірлігін немесе 6

мың 914 қорды құрайды екен.

«Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын іске асыру шегінде аймақтағы мемлекеттік архивтерде «Бірыңғай электронды құжаттар архиві» ақпараттық жүйесінде жұмыстар жүйелі жүргізілуде. Осы уақытқа дейін 6124 сақтау бірлігі, 120 404 құжат, 930 107 парак цифрландырылыпты. Жалпы, аймақта мәдениетке баса мән беріледі.

Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ,
Қарағанды облысы

Өскеменде тағы да жаңадан салынған тұрғын үйдің бірінің қабырғасы сөгілді. Тағы да деп астын сыза айтып отырғанымыз, осы жылдың сәуір айында ғана Бауыржан Момышұлы көшесіндегі көпқабатты үйдің бірінің қабырғасы түн ішінде ажырап кетіп, тұрғындарды бір шошытқан еді.

Бір жыл бұрын берілген үйдің қабырғасы қақырады

Енді, міне шаһардың 19 шағынауданындағы Есенберлин көшесінің бойында орналасқан 31/2 үйдің қабырғасында жарық пайда болды. Тұрғындардың айтуынша, Өскемен қалалық құрылыс бөлімінің тапсырысымен салынған 5 қабатты тұрғын үй 2020 жылдың соңында пайдалануға берілген. Жалпы, бұл тұрғын үй кешенінің құрылысы 2018 жылы басталып, 2020 жылы аяқталған. Су жана үйдің бір жылға жетер-жетпес уақытта мұндай күйге түскеніне тұрғындар қатты алаңдаулы. «Көптен күткен үй еді. Бірнеше жыл ақша жинап, әрең дегенде қол жеткізіп едік. Мұнда көктемде көшіп келдік. Сәуір айында жаңбыр жауғанда төбеден су аға бастады. Ал мына қабырғадағы жарықты балконды қаптайық деп сайдингті ашқанда көрдік. Қабырға 1 қабаттан 5 қабатқа дейін бір-ақ бөлініп кеткен. Білмеймін, енді бұл жерде қалай тұрамыз?», — дейді осы үйдің тұрғыны Мақпал Мұхамедиева. «Бұл үйде тұрудың өзі қорқынышты. Кішкентай екі балам бар. Ал жарық пайда болған



тұстағы пәтерде үш баласы бар отбасы тұрады. Кенеттен үй құласа ше? Алдымыз қыс, қайда барамыз? Бұл үйді қабылдап алған комиссия бізге жауабын берсін», — дейді ашуға булыққан осы үйдің тағы бір тұрғыны Мәдина Жүркібаева.

Мемлекеттік бағдарламамен бірнеше жылға ипотекаға алынған үйде негізінен жас отбасылар, мүгедек жандар мен зейнеткерлер тұрады. Тұрғындардың сөзіне сенсек, бірінші қабаттағы жарықтың көлемі кішкентай болғанымен, жоғарғы қабаттарда 5-7 сантиметрге дейін жетіпті. Мына жағдайдан кейін бала-шағасының қауіпсіздігіне алаңдаған кейбір тұрғындар туыстарының үйін паналауға мәжбүр болыпты. Ал бұл үйді салған мердігер компания басшысы Максат Шөкіров кемшілікке жол берілгенін мойындап, жауапкершілікті өз мойнына алатынын жеткізді. «Біз ештеңеден қашып тұрған жоқпыз. Болар іс болды. Енді мына үйдің жағдайын сараптайтын компанияны шақырамыз. Жарықтың неден пайда болғанын анықтап, кемшілікті қалпына келтіреміз. Әрбір үйге 2 жыл кепілдік береміз. Екі жыл ішінде бұл үйлерде пайда болған ақауларға жауап беруге міндеттіміз», — дейді ол.

19 тамыз күні қабырғасы жарылып, қабырғасы қайысып отырған үйдің тұрғындарымен Өскеменнің әкімі Жақсылық Отыр көздесіп, қала әкімдігі «Ұлбі» әлеуметтік орталығынан уақытша орын ұсына алатынын жеткізді. Ал үйге екі бірдей компания сараптама жүргізеді. Оның бірін мердігер компания, екіншісін үйдің тұрғындары жалдамақ.

А.ӘБІЛ,
Өскемен

Жаңа оқу жылы кеңесте талқыланды



Қарағандыда тамыз конференциясы өтті. Балабақшалар мен бөбекжайларды, үйірмелер мен секцияларды қолжетімді ету, инклюзивті оқытуды дамыту — Қарағанды облысының әкімі Жеңіс Қасымбек онлайн режимде өткен тамыз кеңесінде алдағы оқу жылына міндеттер қойды.

ӨНІР БАСШЫСЫ ТОҒЫЗ НЕГІЗГІ БАҒЫТТЫ АТАДЫ

1-ден 6 жасқа дейінгі балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен қамтуды 84-тен 86,5%-ға дейін ұлғайту қажет. Жеке инвестицияларды көбірек тарту осы көрсеткішке қол жеткізуге көмектеседі.

Білім беру қызметтерінің сапасын арттыру үшін облыс әкімі жыл соңына дейін мектептер мен колледждердің қоғамдық рейтингін енгізуді тапсырды. «Оқу мектебі» республикалық жобасы аясында 2022 жылдың соңына дейін барлық мектеп пен колледждің кітапхана қорларын жаңарту талап етіледі.

Оқушыларды қосымша біліммен қамту 66,7-ден 86%-ға дейін ұлғайтылуы тиіс.

Барлық колледжде WorldSkills стандарттары бойынша демонстрациялық емтихандарды енгізу қажет. Дуальды оқытуда студенттерді қамтуды кем дегенде 20%-ға көтеру жоспары қойылған.

Жеңіс Қасымбек инклюзивті білім беруді, патронаттық тәрбиені, балалар мен жасөспірімдерге психологиялық көмек көрсетуді дамыту бойынша міндеттер қойды.

Облыста педагогтердің кәсіби деңгейін арттыру бойынша жұмыстар жалғасады. Кадр тапшылығы мәселесін шешу үшін қалалар мен аудандарда мұғалімдерге қызметтік тұрғын үй беріледі.

— Біз өткен оқу жылының қорытындысын шығарып, болашаққа қойылған міндеттерді анықтадық. Оларды табысты іске асыру педагогикалық ұжымдар мен барлық мүдделі құрылымдар күш-жігерін біріктірген кезде ғана мүмкін болады, — деп атап өтті Жеңіс Қасымбек.

ЖАҢА МАМАНДЫҚ АШЫЛАДЫ

Қарағанды облысының колледждерінде он жаңа мамандық ашылады. Бұл өңірдегі сұранысқа ие мамандардың тапшылығын жабуға мүмкіндік береді.

Интеграцияланған модульдік білім беру бағдарламаларын енгізудің арқасында студенттер бірден-бір мамандықтың орнына бірнеше біліктілік алады. Колледждерде еңбек нарығын талдауға негізделген SKILLS-ID бағдарламасы енгізіліп жатыр. Талап етілмеген мамандықтар саны қысқарады. Оның орнына жаңа, әлеуеттілері ашылады.

Бұл туралы онлайн режимде өткен педагогтердің тамыз кеңесінде Қарағанды облысы Білім басқармасының басшысы Гүлсім Қожахметова айтып берді.

— Соңғы үш жылда сұранысқа ие он мамандық ашылды, оның ішінде екі мамандық бойынша дайындық тек біздің облыста жүргізіледі — «Микроэлектроника және мобильді құрылғылар» және «Ақпараттық қауіпсіздік». Жаңа оқу жылында тағы да он мамандық ашамыз, — деді Гүлсім Қожахметова. — Бұл «Автожолдар мен әуеайлақтарды салу және пайдалану», «Цифрлы техника (түрлері бойынша)», «Ғимараттарды жобалау мен пайдаланудың автоматтандырылған жүйелері», «Киім дизайны», «Өнер-кәсіптік өнім дизайны», «Интерьер дизайны», «Ақпараттық қауіпсіздік жүйелері», «Жанар-тылатын энергетика», «Шиналар өндірісі», «Логистика».

«ЖАС МАМАН» ЖОБАСЫ ІСКЕ АСАДЫ

15 колледжде жоғары білікті мамандарды даярлауға және жаңа сұранысқа ие мамандықтарды ашуға бағытталған «Жас маман» республикалық жобасы іске асырылып жатыр. Жоба аясында колледждер заманауи жабдықтармен жабдықталған.

Сондай-ақ өңірде жеті құзыреттілік орталығы құрылды. Болашақта олардың бірінің базасында жаттығу лагері болады. Облыста барлығы 15 құзыреттілік орталығы бар. Келесі жылы осындай сегіз алаң ашу жоспарланған.

— Дуальды оқытуды дамыту бойынша жұмыстар жалғасады.

360 кәсіпорынмен ынтымақтас-тық орнатылған. Биыл дуальды оқытумен қамтылған мамандықтардың үлесі 50%-ды құрайды, — деп атап өтті спикер. — Жұмысшы мамандықтарды дөріптеуге бағытталған WorldSkills халықаралық қозғалысын дамыту бойынша жұмыс жалғасады. Биыл түлектердің қорытынды аттестаттауы алғаш рет WorldSkills стандарттарын ескере отырып, кадрларды даярлау сапасын бағалаудың жаңа құралы — демонстрациялық емтиханды қолдану арқылы өткізілді.

Бұл форматтағы емтихандардан 13 колледж базасында 630 студент өтті. SkillsPassport алған түлектер жас мамандардың мәліметтер базасына енгізілді, оған қызметкерлерді іздеу және іріктеу үшін жетекші кәсіпорындардың жұмыс берушілері қол жеткізе алады.

Өңір колледждері халықаралық компаниялармен де ынтымақтастық орнатты. Ресейлік «Татнефть» компаниясымен бірлесіп Саран қаласында колледжінің базасында «Шиналар өндірісі» жаңа мамандығы «Покрышкин» корпорациясының қарастырушы-қалыптаушы», «Автокамералық агрегат машинисі», «Престеуші-вулканизаторшы», «Техник-технолог» біліктілігі бойынша құрылады.

ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК: ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНДА ӨНЕРКӘСІПШІЛЕР ПЕДАГОГТЕРГЕ ҚОЛДАУ КӨРСЕТТІ

Қарағанды облысында «Қазакмыс» корпорациясы педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын қаржыландырды. Компанияның көмегімен педагогикалық трансформация орталығы құрылады.

«Қазакмыс» корпорациясының даму жөніндегі директоры Бахтияр Қырықпышев педагогтердің тамыз айындағы онлайн конференциясына қатысты. Ол білім беру саласына әлеуметтік қолдау көрсетілетіні туралы айтты.

Өткен оқу жылында компанияның бастамасымен Жезқазған өңірі және Балқаш мектептерінің 1 332 мұғалімі «НЗМ» АҚ Педагогикалық шеберлік орталығында біліктілігін арттырды. Тағы 4 мыңға жуық педагог семинарларда, вебинарларда және каникулдық мектепте оқыды. Сонымен қатар Нұр-Сұлтанға білім туры ұйымдастырылды.

— Біз «Ұстаз — Ұлытау» педагогикалық трансформация орталығы» жобасын бастаймыз. Оны жүзеге асыруға халықаралық сарапшылар тартылды. Жобаның мақсаты — «Қазакмыс» қатыстын өңірлердегі мектептерде оқушының мүддесі мен оның

кәсібі келешегі үшін оқыту сапасын арттыру. Сондай-ақ Сәтбаевта балаларға қосымша білім беру және ерте кәсіби бағдар беру үшін оқыту және жұмысқа орналастыру орталығын ашуды жоспарлап отырымыз, — деп Бахтияр Қырықпышев жаңа бастамаларын ұсынды.

ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ

Өткен оқу жылында Қарағанды облысында ерекше балаларға қажетті жағдай жасаған мектептер саны 343-тен 370-ке дейін өсті. Инклюзивті білім берумен қамту 73%-ды құрайды. Бұл туралы Қарағанды облысының Білім басқармасының басшысы Гүлсім Қожахметова айтып берді.

— Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қызметіне педагог-ассистенттердің 59 штаттық бірлігі енгізілді. Аутистік спектрдің және ментальды, мінез-құлықтық ауытқулары бар балалардың саны өсіп келе жатқанын ескере отырып, соңғы екі жылда облыстың сегіз мектебінде инклюзияны қолдау кабинеттері ашылды, оның төртеуі «Болашақ» қайырымдылық қорымен, мінез-құлықтық ауытқулары бар балалардың саны өсіп келе жатқанын ескере отырып, соңғы екі жылда облыстың сегіз мектебінде инклюзияны қолдау кабинеттері ашылды, оның төртеуі «Болашақ» қайырымдылық қорымен бірлесіп іске қосылды, — деді Гүлсім Қожахметова. — Инклюзивті тәжірибе бойынша оқытудан өткен педагогтердің үлесі 32-ден 60%-ға өсті.

Биыл мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясында 207 педагог қолданбалы мінез-құлық талдауы бойынша оқудан өтеді. Бұл қосымша 500-ден астам баланы білім беру қызметтерімен қамтуға мүмкіндік береді.

Сондай-ақ қыркүйек айынан бастап Теміртауда 60 орындық оңалту орталығы өз жұмысын бастайды. Жыл соңына дейін облыс орталығында тағы бір психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңес және Қарағанды мен Сәтбаев қалаларында екі түзету кабинетін ашу жоспарланған.

— Алдағы жылы Шахтинск қаласында ПМПК және Қарағандыда «Асыл мирас» қайырымдылық қорымен аутизм бар балаларға арналған оңалту орталығын ашуды жоспарлап отырымыз. Осы жылы жұмыс істеп тұрған арнайы ұйымдар мамандарының штаты 50 адамға ұлғайтылды. Бұл мыңнан астам баланы оңалту көмегімен қосымша қамтуға мүмкіндік береді, — деді Гүлсім Қожахметова.

Сонымен қатар өңірде «Малахит» интерактивті платформасы енгізіліп жатыр, ол арнайы білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау, балалардың тексеруден өтуі және кейіннен оңалтудың консультативтік көмек алу рәсімдерін жеңілдетуге мүмкіндік береді.

Ә.БЕЛГІБАЙҰЛЫ,
Қарағанды облысы



Нилуфар Раимова – чемпион

21 жасқа дейінгі жастар арасында күрес түрінен Уфада өтіп жатқан Әлем чемпионатында қазақстандық балуан қыз Нилуфар Раимова алтын медаль еншіледі. Отандасымыз финалда италиялық Аврора Руссоны 8:6 есебімен жеңді.

Қыздар арасында 57 келіге дейінгі салмақта Нилуфар

А.ЖАНАСЫЛ

«ҚАЙРАТ» ТОПТЫҚ КЕЗЕҢГЕ ЖАҚЫН

Конференция лигасының кезекті кезеңі аясында алматылық «Қайрат» футбол клубы Люксембургтің «Фоласын» ұтты. Сырт алаңда өткен матч 1:4 есебімен аяқталды. Алғашқы голды алаң иелері соққан болатын. Артынша «Қайрат» сапындағы Артур Шушеначев пен Рикарду Алвеш мергендігімен көзге түсіп, өз командасын алға шығарды. Ал Вангер Лав дубльдің авторы атанды. Осылай «Қайрат» клубы конференция лигасының топтық кезеңіне бір табан жақындады.



«Қайрат» биылғы сурокубок-та алғаш рет сырт алаңда жеңіске жетіп отыр. Бұған қоса, алғаш

М.ХАҚНАЗАР

«Астана» шабандозы алғашқы ондыққа енді

Велоспорттан «Испания Вуэльтасы» бәсекесінің кезекті күні қазақстандық «Астана» клубы үшін сәтті болды. Спортшылар 6-кезеңде 158 шақырымды бағындырған болатын. Бұл сында да-ниялық Магнус Корт Нильсен топ жарды. Ал «Астана» сапындағы Александр Вла-сов одан 4 секундқа қалып, мәре сызығын төртінші бо-лып кесті.

Осы нәтижесінің арқасында Власов жалпы есепте 6-сатыға көтерілді. Сондай-ақ қазақстан-дық клубтың өзге өкілдері, яғни Алекс Аранбуру 15, Луис Санчес 37-ші болып мәрені кесті. Соның арқасында командалар арасын-



дағы тізімде «Астана» әзірге үшінші орында тұр. Алда әлі 15 кезең бар. «Испания Вуэльтасы» 5 қыркүйекке дейін жалғасады.

М.ТӨЛЕУ

Жас балуандар қос қола медаль алды



Әйелдер күресінен қазақстандық қос балуан жастар арасындағы Әлем чемпионатында қола жүл-дені жеңіп алды.

Айбике ЖАНАСЫЛ

Astana Open турнирі өтеді


Қазақстан теннис федерациясы 19-26 қыркүйекте Astana Open ATP 250 халықаралық турнирін ұйымдастырады. Айтулы іс-шара Ұлттық теннис орта-лығында өтеді.

Федерацияның хабарлауынша, жарыс АТР-ның жанартылған ресми күнтізбесіне енгізілген. Қазақстан теннис федерациясының вице-президенті Юрий Польскийдің айтуынша, АТР-ның директорлар кеңесі мен қатысқан ойыншылар өткен жылғы осы доданың деңгейін жоғары бағалаған.

«Пандемияның қайта өршуіне байланысты биыл күзде Қытайда көптеген жарыс өтпейтін болды. Бұған алаңдаған АТР басшылығы біздің бір жарысты өткізуге келісім бергенімізге ризашылық білдірді. Бұл – біз үшін жақсы мүмкіндік, мұндай жарыс ең алдымен жастарға жол ашады», — деді Ю.Польский.

Astana Open жарысынан бір апта бұрын Нұр-Сұлтан қаласында ерлер мен әйелдер арасында Қазақстан чемпионаты өтеді. Мұнда жеңімпаз атанған ойыншы Astana Open-нің негізгі турниріне, жүлдегерлер іріктеу сайыстарына жолдама алады.

Астана ашық біріншілігіне Александр Бублик, Михаил Кукушкин, Андрей Голубев пен Александр Недовесовтер қатысады. Ал



Дмитрий Попко, Тимофей Скатов, Денис Евсеев, Бейбіт Жукаев секілді жастар ел чемпионаты арқылы бағын сынап көреді.

Жанкүйерлер үшін қуанарлығы ұйымдас-тырушылар балаларды шектеулі көлемде кортка кіргізуді жоспарлап отыр. Олар барлық сани-тарлық талапқа сәйкес әуелі ПТР-тест тап-

сырады. Осылайша, балалар теннисшілердің ойынын бақылай алады. Бірақ ересек жанкүйер-лер турнирге кіре алмайды. Десе де, федерация барлық матчты ҚТФ сайты мен Қазақстан телеарналарында көрсетуді ұйымдастырады.

А.АЙДАРҚЫЗЫ

Грант алып, тігін цехын ашты



Қарасай ауданының тұрғыны, негізгі мамандығы инженер-құрылысшы, соңғы кезге дейін тіршіліктің қамымен біраз қызметтің басын шалған Ғалия Қожам-бергенова мемлекеттік бағдарлама аясында қайтарымсыз грант алып, тігін цехын ашты.

Цех ашып, кәсіпкерлікке бет бұрғанға дейін түрлі салада еңбек еткенімен, тігін ісіне қызығу-шылығы ерекше болатын. Бос уақытын арнай-тын сүйікті ісін табысты кәсіпке айналдыру мақсатында өткен жылы «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасына хабарласып, «Еңбек»

мемлекеттік бағдарламасы бойынша «Бастау Бизнес» жобасына жазылып, кәсіпкерлік негіздерін үйренді. Тиісінше, онлайн курстан өтті. Кейін бизнес-жоспар әзірлеп, сертификат алды. Аудандық жұмыспен қамту орталығы арқылы «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы

аясында жобасын сәтті қорғап, 583 400 теңге қайтарымсыз грантка қол жеткізді. Ақыры «Атамекеннің» арқасында тігін цехын ашып, жұмысын жүргізуге кірісті. Грант қаражатына мамандандырылған тігін машиналары, қажетті құрал-жабдықтар мен материалдар сатып алды. Қаскелен қаласындағы бизнес орталықтарының бірінде цех үшін орынжай таңдады.

«Тігін цехында үш адам жұмыс істейді. Қазір арнайы киімдерді, әйелдер мен ерлерге арнал-ған киімдерді тігіп жатырмыз. Тапсырыстар жергілікті тұрғындардан ғана емес, Алматы, Нұр-Сұлтан, Семей, Өскемен қалаларынан да келіп түседі. Сондай-ақ алдағы уақытта тігін ісі бойынша қыз-келіншектерге оқу курсын ашсам деген ойым бар. Қосымша несие алып, цехты кеңейтуді де жоспарлап отырмын», — дейді Ғалия Қожамбергенова.

Алматы облысы кәсіпкерлер палатасы Қарасай аудандық филиалының директоры Орынбай Жанәділдің айтуынша, осы жылы ауданда «Бастау Бизнес» кәсіпкерлік негіздері бойынша 484 азамат оқу курсын аяқтап, 70 бизнес-жоба қаржыландырылыпты. Ал облыс бойынша жыл басынан бері «Еңбек» бағдар-ламасы аясында 2 895 жұмыссыз және жас кәсіпкер «Бастау Бизнес» кәсіпкерлік негіздерін оқыды. Былтырғы мен биылғы тыңдаушыларды қосқанда 1 050 бизнес-жоба гранттық қаржыландыру мен жеңілдетілген несие алды.

Болат АБАҒАН,
Алматы облысы

Отандық каскадерлер Голливуд актерімен киноға түсті

Nomad Stunts тобының каскадерлері Голливуд актері Сэмюэл Л.Джексонмен бірге фильмге түсті.

Қазір әлемдік прокатта Сэмюэл Л. Джексон, Мэгги Кью және Майкл Китон ойнайтын «Киллер кодексі» фильмінің көрсетілімі жүріп жатыр. Айта кетерлігі, фильмге отандық Nomad Stunts тобының 10 каскадері қатысқан.

Фильм режиссері — «Казино Рояль», «Маска Зорро», «Иностранец» фильмдеріндегі жұмысымен танымал Мартин Кэмпбелл.

Nomad Stunts халықаралық каскадерлер тобының негізін қалаушы және жетекшісі Жайдарбек Күнғажиновтің айтуынша, түсірілімге қатысу туралы ұсыныс 2019 жылдың соңында түскен. Олар фильм үйлестірушісі мен режиссер сұранысына сәйкес келетін сегіз жігіт пен екі қызды тандап алған. Сөйтіп, 2020 жылғы ақпанда Румынияда болған түсірілімге біздің каскадерлер ұшып барған. Олар онда шамамен екі ай тұрақтап, бір ай дайындыққа, монтажға, жаттығуларға, екіншісі жартысын түсірілімге арнаған.

Nomad Stunts каскадерлері тек түсірілімге қатысып қана қоймай, кейіпкерлерді дубляж-дап, сонымен қатар эпизодтық көріністерге актер ретінде қатысқан.

«Жігіттердің көпшілігінің актерлік тәжірибесі бар. «Киллер кодексі» жобасы пандемияға дейін басталды. Кейін үзіліс болды, бірақ қазір біз жұмысты жалғастырамыз. Біздің үш каскадер дайындалып жатыр, жақында олар ұшып кетеді. Жалпы жоспар көп», — деген еді Күнғажинов.

Nomad Stunts халықаралық кәсіби каскадер-лер тобы Голливуд, Болливуд және Түркияның жетекші студияларымен бірлесіп жұмыс істейді. Олар осыған дейін «47 ронинов», «Неудержимые 2», «Путь домой» жобасы және Netflix және НВО сериалдарына түскен.

А.ЖОЛДАС



NJM

NUR MEDIA

AIQYN

Меншік иесі —
«Айқын-Литер» ЖШС

Бас редактор —
Нұрмұхамед БАЙҒАРА

Амангелді ҚҰРМЕТ —
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Гүлзина БЕКТАС —
шығарушы редактор

Асқар БЕК —
веб-сайт редакторы

Елдар ҚАБА —
секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІАШЛАЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ —
Ақмола облысы
Тұрсын ЖҰМАБЕКҚЫЗЫ —
Атырау облысы
Саятхан САТЫЛҒАН —
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ —
Қарағанды облысы
Назғұл НАЗАРБЕК —
Шымкент қаласы
Роза ШӨКЕН —
Солтүстік Қазақстан облысы

**«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:**

Кәсіпорындар,
мекемелер үшін — 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін — 55102
Жеке жазылушылар үшін — 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(727) 390-08-18, 8 (777) 241-47-75, 8 (707) 454-43-53
byurukpayeva@litter.kz
reklama@litter.kz

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(727) 390-08-11, (708) 270-79-97
saidinova@litter.kz
bekkozhaeva@litter.kz

Газет аптасына 4 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №3981
Алматы қ. «Дәуір», Ш.Қалдаяқов көшесі, 17-үй
Нұр-Сұлтан қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30, тел.: 8(7172) 99-77-77
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС, Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114